*Адамға екі нәрсе тірек тегі:*
*Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.*
**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

**«Білім және Ғылым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын республикалық ғылыми - педагогикалық журналы**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

## *Казахский язык и литература в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

2001 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

**6/2014 МАУСЫМ**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ


*Мұғалімдерге көмек*

**Базаргүл КӨЛБАЕВА.** Оқушылардың өзара жеке тұлғалық қарым-қатынастарын қалыптастыруда шығармашылық дағдыларын жетілдіру....3

**Зәуреш МАХАДІЛ.** Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру амалдары....10

**Назгүл МАШКЕЕВА.** Ұлттық тәрбие арқылы жас тұлғаны қалыптастыру мәселелері....17

**Дәмежан ШАКЕРОВА.** Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда – жаңа әдіс-тәсілдер....27

**Балдырған ЖАЛПАҚОВА.** Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту жолдары....30

*В мире педагогики*

**Раушан КАМЕТОВА.** Произносительная культура как составная часть обучения русскому языку студентов-инофонов....41

**Анар ШМАНОВА.** О воспитательной составляющей обучения русскому языку в неязыковых вузах Казахстана в условиях диалога культур....47

*Ойын – ойдың өрісі*

**Гүлжазира САБАЗБЕКОВА.** Ойнап өспеген бала ойлап өспейді....56

*Әдістеме әлемінде: қазақ тілі*

**Құралай ҚОЖАҒАЛИЕВА.** Көмекші есімдерді пысықтау – басты талап....60

**Гүлсара ҚОЙШЫБАЕВА.** Қорықшаларда қайталанған есімдік сабағы....66

**Гүлнұр БАЙМАХАНОВА.** Қазақстан Республикасының рәміздері және ондағы жаңа сөздер....69

**Бақшагүл САҒЫНДЫҚОВА.** Қазақ тілі – мемлекеттік тіл....74

**Гүлназ ШҮЙІНШИНА.** Оқушылар тілін дамытқан тұңғыш президент..80

**Шолпан ҚАНАТҚЫЗЫ.** Отбасындағы тілдік сабақ және дәстүрлер....87

**Бақыт ЖҰМАШЕВА.** Ауызекі сөйлеу тілінде – жыл мезгілдері....92

**Салтанат ИСҚАНОВА.** Одағай сөздер сыры – Тарихи-мәдени ескерткіштерде....97

**Айжан ИСАБЕКОВА.** Сын есімнің шырайларын үйреткен жабайы аңдар....102

**Гүлнафиса КУЗБАЕВА.** Салалас құрмалас сөйлемдерге бай қазақы дастархан....106

**Анар ШУМБАЛОВА.** Сілтеу, өздік есімдіктері – Қоршаған орта қорғаны....110

**Дидар ЖАСТАЛАПҚЫЗЫ.** Күрделі сөздер – Орал қаласында....115

**Айгүл ТӨЛЕГЕНОВА.** Тұңғыш ғарышкер сабағы – дұрыс сөйлету....120

**Әлия ЖҰБАНЫШЕВА.** Көнерген және жаңа сөздер – Байтұрсынұлы бақшасында....123

**Күлбаршын ИСПУЛОВА.** Септік жалғаулары – туған жер қонағы....131

*Білім сынағында*

**Қарлығаш ҚҰРМАНОВА.** Қазақ тілі пәнінен 6-сыныпқа арналған билет сұрақтары....134

*Сыныптан тыс шара*

**Айнұр СҰРАУОВА.** Өнегелі ойға бай мектеп аруы....138





**Базаргүл КӨЛБАЕВА,**
**Қарағанды облысының**
**Теміртау қаласындағы**
**№24 жалпы орта мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**


# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗАРА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Адамның бойындағы қабілетті жетілдіру, оның өшуіне жол бермеу, яғни, ол адамның рухани күшін нығайту – өзін-өзі танып білу деген сөз. Қазақстан Республикасының орта білімді жетілдіру Концепциясында айтылғандай, «Қабілеттілік – білімге ең қажетті мақсат».

Сондықтан да қазақ тілінің басты мақсаты – оқушы қабілетінің жеке дамуы, шығармашылық ойлау қабілеті және рухани ішкі дүниесінің тәрбиесі. Әр оқушының шығармашылық қабілетін қалыптастыруға, қазақ тілі сабағында өзіне ұнаған тілдік қызмет формасын таңдауына мүмкіндігі бар. Олар мынадай түрде болып келеді: диалог, сараптама-әңгімелеу, сурет бойынша алған әсерлерін әңгімелеп айтып беру.

Мысалға алатын болсақ: төменгі сыныптарда оқушылар өздерінің ойларымен бөлісуге немесе тақырыпты әңгімелеп беруге тырысады.

Ал, жоғарғы сыныптарда көбінесе сараптама-әңгімелеу немесе диалог әдісі қолданылады.

Төменгі сыныптарда сергіту сәтін жүргізу үшін бірнеше ойын түрлерін қарастырдым. Ол, тек қана демалдырып қоймай, сонымен бірге балаларды бір-бірлерімен жақындастырады және шығармашылық қабілеттерін де жетілдіреді.

Орта сыныптарда тақырыпты оқытуда және аударуда, оқушылардың қиялында ұқсастық негізі туындайды. Олар мұғалімнің артынан-ақ әңгіме құрастыра бастайды.

Ал, жоғарғы сыныптардағы оқушылар өз беттерінше естігендеріне сараптама жасайды, бөлім бойынша саралайды және диалогты жиі қолдануға тырысады.

Оқушылар жұппен немесе топпен жұмыс істеуге тырысады. Олар өздерінің алдына қойылған мақсатқа жету үшін оны жұпта талқылауға кіріседі және содан негіздемелік шешім шығарады.

Тәжірибеде көрсеткендей, қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – ол тілдік ойын болып келеді. Себебі, тілдік ойын оқушылардың белсенділігіне және олардың тілдерін жетілдіруге ынталандырады. Ойын түрінде өткізілген жұмыс, оқушыларға қайталауға және алған лексикалық бірліктерді және типтік сөз орамдарын, әр түрлі сабақтағы жұмыстарды немесе оқушылардың сабаққа деген ынталарын, білімдерін бекітуге мүмкіндік береді. Оқушының қызығушылығын арттыруда түрлі ойындар тәсілімен өткізу қажет.



Мысалы: лексикалық бірліктердің орынын ауыстыруда немесе лексикалық бірліктерді қайталап қою арқылы бір ойынды бірнеше рет ойнауға болады. Сол кезде оқушының санасында алған білімдері қалыптасады деуге болады.

1. Жаңа ойынды жүргізуші ретінде бастап, одан кейін оны жақсы меңгерген оқушыға беремін.
2. Бірінші сатыда оқушыларға өзінің ісін айтып отыруға үйретемін.
3. Ойыннан үлкен әсер алу үшін жарыс ойындарын жиі өткіземін.
4. Оқушылардың ойынға қызығушылығын арттыру үшін оқулықтармен, әр түрлі қосалқы заттар және әдістемеліктермен қамтамасыз етемін.
5. Қазақ тілі сабағында ойынды жүргізу үшін келесідей лексикалық бірліктерді және сөз оралымдарын қолданамын.Тіл дамыту ойындары.

Тілдік ойындарды бірнеше түрге бөлуге болады**:**

1. Фонетикалық ойындар.
2. Лексикалық ойындар.
3. Сөйлемдер ойыны.
4. Грамматикалық ойындар.
5. Оқыту ойындар.
6. Тыңдалым ойындары.
7. Сөйлесім ойындары.
8. Аралас ойындар.
9. Коммуникативтік ойындар.

Енді осы ойындардың бірнеше түріне тоқталайық.

**I. Лексикалық ойындар.**

Бұл ойын төменгі сыныптарда қалай қолданылса, ортаңғы сыныптарда да солай жақсы қолданылады. Себебі, ол оқушылардың сөздік қорын жандандыруға

және оның омоним, синоним, антонимдерін, т.б. байытуға көмектеседі.

Мысалы: «Қарлы кесек» ойыны.

Бұл ойында суреттерден кім көп сөз құрастырса, сол жеңіп шыққан болып табылады. «Сөздерді өзгерту» ойыны. Бұл жерде, мысалы, (қыз) сөзін алып, бір әріпін өзгертетін болсақ, онда (қыс) деген басқа сөз шығаруға болады. Бір әріптің көбеюі немесе алынып тасталуы, әлде бір әріпін өзгерту арқылы жаңа сөздер алуға болады.

**II. Сөйлемдермен ойын.**

Сонымен қатар, ойын ретінде әр түрлі шығармашылық диктанттарды қолдануға болады.

Мысалы: оқушыға сөйлемшені немесе берілген мысалды айтады, ал оқушы естігенін суреттеп салады. Содан кейін, суреттің астына қолын қояды немесе мұғалім таралмаған сөйлем, сөз тіркесін айтады, ал оқушылар толық таралған сөйлемді, сөз тіркесін жазады. Кім ең әдемі сөйлем немесе сөз тіркесін жазса, сол жеңімпаз атанады.

**III. Грамматикалық ойындар.**

Грамматикалық ойындар – жаттықтыруға арналған әр түрлі грамматикалық жағдай. Мысалы: етістік шақтарының жалғауларын толтыру үшін. Үлестірмелі материал ретінде етістіктер жазылған кәртішкені қолданамын. Оқушылар берілген тапсырмадан тек қана етістіктің шақтары көрсетілген сөздерді теріп жазады.

**IV. Оқылымды үйрену ойындары.**

Бұл ойынды тек қана 7-сыныптарға немесе жоғарғы сынып оқушыларына лексикалық материал ретінде қолдануға болады.



Мысалы: оқушылар өтілген материалдарды қайталай отырып, сол тақырыпта реферат немесе шығарма жазулары тиіс.

**V. Айтылымды үйрену ойындары.**

Бұл ойында мәтін тыңдалады, тақырып анықталады, қажетті деген ақпаратты сұрыптап алады, конспектілейді, керекті деген кілт сөздерін жазады, сызба (схема) жасайды.

Ал, суреттерден мәтін жасау ойыны мынадай:

Бұл ойынға қатысатын ойыншыларға суреттер таратылып беріледі. Яғни, ойынға қатысатын ойыншы әр суреттен сөйлем құрастыруы тиіс. Содан кейін құрастырылып болған сөйлемдерді жинақтап, тізбектей отырып, мәтін жасайды.

**VI. Аралас ойын.**

Оқыту барысында аралас ойын барлық сөйлем түрлерінің мәселелерін шешуге көмектеседі.

**VII. Коммуникативтік ойындар.**

Енді, біз орыс тілді мектептегі қазақ тілі сабағында қолданатын коммуникабельдік ойынға тоқталайық. Жеке тұлғаның қарым-қатынас ұстанымдары мен оқыту материалының рөлдік ұйымдастырылуынан бастайық. Ол әдістемелік ұстанымдардың қарқынды оқытылуы болып табылады. Оқыту қызметіндегі коммуникативтік ойындардың басты формасы – тыңдалым, айтылым, оқылым емес, оқушының оқытушымен жеке тұлғалық қарым-қатынасы және оқушылардың өзара қарым-қатынасы болып табылады. Көптеген оқытушылар сабақта рөлдік ойындарды қолданады. Сонымен, рөлдік қарым-қатынас сол ортаның әлеуметтік рөлін анықтайды. Яғни, адамдар бір-бірімен жеке тұлға

ретінде ғана қарым-қатынас жасамайды, керісінше, әлеуметтік өрісті белгілі бір түрде тасымалдаушы болып табылады. Мысалға сатып алушының сатушымен қарым-қатынасын, дәрігермен сырқаттанушының қарым-қатынасын, үй иесінің қонақпен қарым-қатынасы немесе екі жолаушының қарым-қатынасын алуға болады.

Бұл жерде қарым-қатынастың мазмұны және оның құралы жеткілікті түрде жүйеленген.

Бұл – жұмыстың өте жақсы түрі, бірақ бұл коммуникативтік ойын емес. Бұл – тек қана соның сатысы.

Жеке тұлғалық қарым-қатынас – қатысушылардың бір-бірінің алдында өздерінің ниеттерімен, мақамдарымен, құштарлығымен, жеке тұлғалық ерекшеліктерімен, ойларымен қарым-қатынас ашықтығы.

Мұғалім ең қажетті ережені білуі тиіс: оқыту-танымдық қызметін жетілдіру деңгейінде, тапсырманы берерде сыныптың нақты психологиялық сәйкестігі қажетті түрде ескерілгені жөн.

Егер де берілетін тапсырма бағдарлама материалынан ауытқыса немесе асып түссе, онда ондай жағдайда ойыннан нәтиже шықпайтыны анық. Сондықтан да коммуникативтік ойында коммуникативтік тапсырма алдында болуға тиіс екенін есте сақтау қажет. Уәждемелі тапсырманы белсендіру үшін, оның субъектік тапсырма ретінде мәнін түсіну үшін, нәтижесінде қарым-қатынас жасауға оқушының жеке тұлғалық белсенділігін арттыруда, коммуникативтік тапсырманы мынадай жағдайда құрған жөн: берілген тапсырмада ынталандыру және шамалау компоненттері болуы қажет. Тек қана осындай жағдайда ғана, коммуникативтік



тапсырманы оқушы тапсырма ретінде, қарым-қатынас деңгейіндегі жеке тұлғалық рөлінде, маңызы барлығын түсініп қабылдайды деуге болады. Мұғалім тапсырманы тұжырымдағанда оқушының мақсатын жоспарлауы қажет деп білемін. Сонымен қатар, алдыға қойылған мақсатқа жету үшін барлық мүмкін деген варианттарды қарастырып, пәндік жағдайын тізімдеу керек. Мысалы: «Мектепті таңдау» ойыны. Сіз жаңа ықшам ауданға көшіп келдіңіз. Онда үш мектеп бар. Балаларыңызды қай мектепке беру керек? Сіз көрші жақсы мектепті таңдау үшін балалармен сөйлесесіз. Сіздің балаларыңыз көрші балаларға ұнап қалды, сол себептен әр қайсысы оны оқығысы келеді. Ешқайсысын ренжітпеу үшін сіз өз таңдауыңызды дәлелдеуіңіз керек.

Бұл жерде әңгімелесушілердің коммуникативтік ниеті әр түрлі: тек қана сұрақ – жауап емес, сонымен қатар көндіру, келістіру және келісім немесе келіспеу. Келтірілген мысалдан пәндік жағдайды әр түрлі жағдайда суреттегенін және кең көлемде қамтылғанын көруге болады. Сондықтан мұғалім тапсырманың мақсатын логикалық дәлелдеу және белгілі бір мақсатқа жетуіне оқушыға бағдар беруіне мүмкіндік туады. Сонымен бірге оқушыны белгілі бір тұрпаттағы адамзат қауымына немесе мектептен бөлек өмірге дайындауға мүмкіндік туғызады.

Өзімнің еңбектену барысымда, қазақ тілі сабағында тек қана ойын технологиясын қолданып қоймай, сонымен бірге Күлпаш Сариеваның, М.Жанпейісованың модульдік технологиясын және Ә.Жүнісбектің технологиясын да қолданып жүремін. Төменгі сыныптарда сабақ беретін ұстаздарға күнделікті сабақта ойын технологияларын көбірек қолдануға тура келеді.

Жоғарыда көрсетілген ойын элементтері оқушыларды тек қана жаттанды түрде ғана оқып қоймай, сонымен бірге қызығушылықтарын арттырып, ынталандырады деп ойлаймын. Берілген технологияларды жиі қолданса жас жеткіншектерден жақсы нәтижелер көруге болады.

**Зәуреш МАХАДІЛ,**
**«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ Павлодар облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының инновациялық технологиялар және ғылыми-жаратылыстану (гуманитарлық) пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы.**

# КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ АМАЛДАРЫ

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында:

«Еліміз үшін маңызды болып табылатын стратегиялық міндет – тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай



алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады делінген». [1].

Сонымен функционалдық сауаттылық – тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі, яғни, өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың бірі десек артық емес.

Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген халықаралық бағалау зерттемелерінің бірі – PISA.

Қазақстанның – PISA мен TIMSS-қа қатысу нәтижесі: шәкірттердің жекелеген пәндер бойынша білімдері жоғары деңгейде, алайда оқулықтарда өмірлік маңызды мағлұматтар ұсынылмай отыр деуге де болады. Жоспарда функционалдық сауаттылыққа әсер ететін факторлар көрсетілген, солардың бірегейі – оқыту нысандары мен әдістері. Сондықтан да оқу үдерісіне коммуникативтік құзыреттілікті: орыс тілді мектеп оқушыларының қазақ тілінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау қабілетін арттырудың тиімді технологиясын енгізу – өзекті де басты мәселе. Оны шешу жолдарының бірі – АКТ мүмкіндігін пайдалану екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Әсіресе, көп мағыналы сөздер мен омонимдерді оқытуда сөз тіркестерінің табиғатын білу қажет. Себебі, сөздердің лексикалық-логикалық үйлесімі келіскенде ғана сөз мағыналы болатынын ұғындыру мұғалімнен ізденімпаздықты, жаңашылдықты қажет етеді. Мысалы, «мінеді», «шығады» сөздерін қолданып, сөз тіркестерін құрастыру (АКТ мүмкіндігі арқылы көрсетіледі). Дегенмен де, қазақ «атқа шықпайды, керісінше, мінеді», бұдан шығатын қорытынды тілімізде етістік кез келген сөзбен тіркеспейді:

атқа
төбеге
далаға міну, шығу
мотоциклге
тауға
машинаға

Сонымен, сөздерді жинақтап, дұрыс сөйлем құрауға үйрету үшін сөздерді өз орынымен қолдану тәсілі туралы білім беріліп қана қоймай, оны тәжірибе арқылы меңгерту тиімді. Ақпаратты іріктеуде тұлғаның рухани жан дүниесін байыту міндетін, оның өмірлік маңызды мәселелерді де қамтуын ескеру қажет.

Мысалы, **1-тапсырма.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен мәтін құрастырыңыз. Қызыл, дәрілік мақсатқа, түсті, жемісі, (өсімдіктің қабығын, жемісін, гүлін), бар, жинайды, халық медицинасында, құрамында, кеңінен қолданылады, қабығынан алынған тұнба (вибурнин глюкозиді, валериан, шайыр және органикалық қышқылдар, ал жемісінде – қант) қан тоқтатады, қан тамырларын тарылтады, жүйкені тыныштандырады; қабынудан қорғайды және жараларды жазады, жүрекке әсер етеді, жемісі.

**2-тапсырма.** Құрастырған мәтінді жауаптағы мәтінмен салыстырыңыз.

Кәдімгі шәңкіш**-обычная калина** (жауабы).

Жемісі – қызыл түсті.

Дәрілік мақсатқа өсімдіктің қабығын, жемісін, гүлін жинайды.

Құрамында – вибурнин глюкозиді, валериан, шайыр және органикалық қышқылдар, ал жемісінде қант бар.

Халық медицинасында кеңінен қолданылады.



Қабығынан алынған тұнба қан тоқтатады, қан тамырларын тарылтады, жүйкені тыныштандырады. Жемісі жүрекке әсер етеді, қабынудан қорғайды және жараларды жазады.

**3-тапсырма.**

Сіз не білдіңіз? Өзіңізге пайдалы мағлұмат алдыңыз ба? Қандай? Өмірлік маңызы қаншалықты?

Тіл меңгерту барысында қазақ халқының өзіндік ерекшелігі – дыбыстық үндестік, ырғақтық үйлесімділік, ұйқастылықты келесі тапсырма негізінде көрсетуге болады.

**4-тапсырма.** Өлең-сөздікті толықтырыңыз:

Серебро – күміс Родня – туыс
Звук – Работа –

Лицо – бет Родник – бұлақ
Мясо – Ухо –

Маяк – шырақ Листок – парақ
Вопрос – Расческа –

Освоение – тоқу Веко – қабақ
Учение – Урок –

Орыс тілді мектеп оқушылары өз ойын жеткізуде, сөйлемдерді дұрыс құрауда қиналады, өйткені олар сөздерді орынды жұмсай алмайды. Ол үшін сөз мағыналарын, мәндес сыңарларының ерекшеліктерін, оның еркін және тұрақты тіркес құрамына ену мүмкіндіктерін саналы меңгеруі және сөйлеу нормалары мен сөйлеу мәнерін игеру керек.

Синонимдердің қолданылуына байланысты жаттығулар: сөйлемдегі бос орындарға синонимдік

қатардан сөз таңдау, сөйлемдерді өзгерту, толықтыру жұмыстары жүргізілсе, сөйлеу мәдениеті қалыптасады.

Алайда, оқушылардың барлығы сабақта өз ойын ашық айта бермейді, өйткені оған сенімсіздік сынды қасиет кедергі келтіруі мүмкін. Жағдаяттық тапсырмалар ұсыну, ойындар өткізу – нәтижеге жету амалының бірі. Мысалы: «Үй жануарларының таласы».

Шығармашылық тапсырмалар бала қиялының шарықтауына, айналасына деген көзқарасын айқындауына көмектесері сөзсіз. «Шығармашылық» деген сөздің мәніне үңілсек, ол адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл-ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінеді. Шығармашылық – адамның танымдық қызметі мен өзіндік әрекетінің жоғары формасы.

Шығармашылық мәселесінің әрекет теориясы аясында қарастырылуы белгілі ғалымдар А.М.Матюшкин мен М.И.Махмутовтың еңбегінде жан-жақты ашылған. Олар ұсынған проблемалап оқытудың негізгі идеясы шығармашылық ойлауды дамыту болып табылады. А.М.Матюшкин өзінің соңғы еңбектерінде шығармашылық әрекет адамның өзін-өзі өзгертуі, өзінің ішкі мүмкіндіктерін ашу құралы екендігі жөнінде ой білдіреді. [3].

Тұлға қабілетін шыңдау жолы – белгілі тақырып бойынша пікір алмасуды ұйымдастыру. Өйткені ұстазға біртекті тәсілдерден арылып, заманауи талапқа сай өзгеру қажет. Бүгінгі мұғалім – оқушылардың жұмысына бағыт беріп, олардың таным белсенділігін арттырып, дидактикалық материалдармен қамтамасыз ететін жетекші. Әр сабақта топтағы барлық оқушыны



сөйлетуге көңіл бөлінгені жөн. Басты мәселе – өз пікірі бар, оны дәлелдей алатын және өзінің, басқаның кемшілігін түзей алатын ұрпақ тәрбиелеу.

Әрине, тапсырмалардың бала қызығушылығын тудыратындай етіп құрастырылуы ұтымды екені даусыз, алайда бағдарламаны орындау – шарт. Басты талап – қиындықты жеңіп шығуға итермелейтін тапсырмалар ұсыну, оқушының ішкі мүмкіндігін жұмылдыру. Өз күшін шамалау, оны бағалау – шәкіртті өз әрекетін дұрыс ұйымдастыруға бағыттайды.

Дегенмен де, сабақ үстінде оқушылардың сөйлеу тіліндегі қателіктерге, тіл жұтаңдығына жеткілікті дәрежеде мән берілмей келе жатқаны жасырын емес. Мұғалімдер оқушылардың «Ол тауға шықты», «Жазда күн ыстық» деген сөйлемдеріне қарап, «білімденуші тақырыпты ашты»,- деп бағалайды. Бүгінгі талап – әдеби тілді қалыптастыратын әдіс қолдану. Соның ұтымдысы – сипаттамалық мәтін құрастыру, өйткені сурет – ізденіске жетелеп, эстетикалық талғамды арттырады. Тіл дамыту жұмыстары шынайы өмірмен байланыстырыла жүргізілуі тиіс.

Жалпы, тапсырмалар түрлендіріліп, бір-бірімен сабақтасып, ойын түрлерімен де үйлестіріліп ұсынылғанда ғана нәтиже бермек.

Шығармашылық – таныммен, ақиқаттың сәулеленуі, оның дамуы мен қызмет ету заңдарымен тікелей байланысты, өйткені сәулелену шығармашылықтың базасы мен негізі, шығармашылық кезінде адам өзінің білімін кеңейтеді, тереңдетеді, сондықтан ақиқат дүниенені тану формасы ретінде танылады. [3]. Демек, танымдық тапсырмалар – шығармашылық әлеуетті қалыптастыру амалдарының бірден-бір жолы.

Өйткені танымдық қызмет адамның маңыздылық деңгейін ғана анықтап қоймайды, мұнымен бірге мәдени деңгейінің түпнұсқалы тіректерін, адами әлемін, жан дүниесін айқындап береді.

Танымдық қызмет – әлем мен субъекті байланысының түрі. Бұл іс-әрекет қосымша екі үдерістен тұрады: субъективті немесе өзінің ішкі құлқымен әлемді өзінше жасап алады, ал екіншісі әлемнен нысаналы қорек алу өнерін игереді. Субъект және нысан үшін танымдық қызмет алғашқы болып есептеледі. Сөйтіп, «құлық пен нысан» немесе «субъекті мен объекті» танымдық қызметте қосылады, біртұтастық жүйе құрып, адамның жеке тұлғасын өзгертуге қозғаушы күш болады. [4, 81-82].

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

2. С.Шомақов. Сөздік ойын. А., 1994.

3. Б.А.Тұрғынбаева. Ұстаздық шығармашылық. А., 2007.

4. Е.Жұматаева. Жоғары мектеп дидактикасы:Монография. Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006.

5. З.Т.Байжанова. Жалпы педагогика: Оқу құралы: «Таймас», 2008. 86-бет.



**Назгүл МАШКЕЕВА,**
**“Haileybury Almaty” мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**

# ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ЖАС ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бүгінгі таңда заман талабына сай өркениетті ел азаматтарын тәрбиелеп өсіруде жастардың бойына әдет-ғұрып, салт-дәстүр негізінде қалыптасқан әдеп нормаларын, яғни, ұлттық тәрбие беру – сол халықтың түп тамырынан, негізгі өзегінен нәр алу болып табылады. Өзінің негізі, қалыптасуы мен өмір сүруі жағынан барынша ұлттық сипатта болады, әрбір халық жалпы адамзат мәдениетіне сонысымен үлес қосады.

Бүгінгі мектебімізде жеке тұлғаны ұлтжандылық рухында тәрбиелеу жөнінде еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: “Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтардағы барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балалаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы”,– деген болатын.

Ұлттық тәрбие беру дегеніміз – өз ұлтын, туған жерін, Отанын сүю, бір сөзбен айтқанда, “патриотизм” ұғымы болып табылады. Бұл ұғымның мағынасы өте терең. Ол: 1. Ата-бабалардан қалған салт-дәстүр, әдет-ғұрыпын сыйлау; 2. Кіндік қаны тамған туған жерін басқыншылардан қорғау; 3. Ана сүтімен берілетін ана

тіліне деген құрмет; 4. Елі мен жерінің өркендеуіне үлес қосу түсінігін береді.

Ұлттық тәрбие берудің негізгі **мақсаты** – ұлттық рухта тәрбиеленген Тәуелсіз Қазақстанның азаматтарын тәрбиелеу.

**Міндеті** – жас ұрпақтың ұлттық рухани сезімін ояту және байыту.

Осы орайда жалпы білім беретін мектептің жастар тәлім-тәрбиесінде ұлттық тәрбиенің орыны ерекше. Қазіргі таңда Британдық "Хейлибери" мектебінде ағылшын тілімен қатар мемлекеттік қазақ тілі тереңдетіп меңгеріледі. Қазақ тілі сабағында осы мақсат негізге алынады. Мектептің қазақ тілі кафедрасының оқу-тәрбие үрдісінде жас ұрпақтың тек тіл үйреніп қана қоймай, бойында халық даналығынан нәр алатын ұлттық сезім қалыптастырудың жүйесін жасау мәселесі қарастырылған. Бұл бағытта балабақшадан бастауыш мектепке, одан орта мектепке жалғасатын жаңа оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік талдамалар жасалып, жоғарғы сынып пен бастауыш сынып, балабақшаны қамтып байланыстыратын кіріктірілген сабақтар жүргізілуде.

Қазақ тілі пәнінде – оқушыларды тілге үйретумен қатар, сөз өнеріне баули отырып, ұлттық сана-сезімде тәрбиелеуді мақсат етеді.

Халқымыздың асыл құндылықтары жас тұлғаның бойында қалыптасса, өркениетті еліміздің жан-жақты жетілген, білімді, техника, интернет, компьютердің озық түрлерін меңгерген, үш тілде еркін сөйлеп, ұлттық намыс, ұлттық сезімнен сусындаған сегіз қырлы, бір сырлы азамат болып тәрбиеленеді. Осы құндылықтарды өз елінің қажетіне жаратарлық дәрежеде болады. Өз



елінің өткеніне, тарихына рухани нәзік байланыста болады.

Ал тілді меңгерту үшін барынша тың жолдар мен дәстүрдегі әдістемелік құралдарды пайдаланған жөн. Мектеп оқушыларының қызығушылық, еліктеу, таңырқау әдеттерін қолайлы пайдаланса болады. Ұлттық тәрбие беру әдістемелерін шартты түрде мынадай бірнеше топқа біріктіруге болады:

- сендіру әдісі, сенімсіздік білдіру әдісі;
- проблемалық сұрақ қою әдісі;
- үлгі көрсету әдісі;
- іс-әрекетке бейімдеу әдісі;
- жаттықтыру әдісі.

Бірақ педагогикалық жұмыс жағдайларында ұлттық тәрбие берудің барлық әдістері күрделі дидактикалық тұтастықта көрініс береді.

Мұнда мектеп оқушыларының ұлттық көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыру мақсатында санаға, сенімге, ерікке жан-жақты ықпал ету тәсілі ұтымды болады.

"Хейлибери" мектебінде өткізілген, қазақ тілі сабақтарында қолданылған кейбір әдіс-тәсіл талдамаларын мысалға келтірелік.

Тақырыбы: ***Қазақ халқының ұғымындағы киелі сандар.***

**Сабақтың мақсаты:** 1. Білімділік: а) Қазақ тілінде есептер шығара біледі.

ә) қазақ халқының киелі сандарын және соған байланысты туған ұғымдарды біледі.

**Дамытушылық:** ауызекі сөйлеуге машықтандыру. Оқу, жазу арқылы есеп шығаруға ойландыруға дамыту.

**Көрнекілік:** суреттер, математикалық амалдар, үлестірмелі кәртішкелер.

**Ұйымдастыру кезеңі (3 мин.):**

- Сәлеметсіңдер ме, балалар? – Сәлеметсіз бе!

- Жылдың төрт мезгілін атаңдар? – Қыс, көктем, жаз, күз.

- Қазір жылдың қай мезгілі? – Көктем.

- Көктем айларын атаңдар? – Наурыз, сәуір, мамыр.

- Бүгін нешесі? – Наурыздың он бірі.

- Бүгін аптаның нешінші күні? – Екінші күні, сәрсенбі.

**Негізгі бөлім (2мин):**

- Жақсы, балалар, ал, енді, өздерің білесіңдер, біз өткен сабақта 7 және 3 санына тоқталып өткен болатынбыз. Олай болса, бүгінгі сабағымыз *сайыс* түрінде өтеді. Осы тақырып бойынша білгенімізді ортаға салайық. Алдымен 2 топқа бөлінеміз.

**(*Үш санын көрсетемін.*)**

- Үш саны туралы не білесіңдер? Қазақ халқының ұғымында ол қандай сан?

- Үш санын қазақ халқы киелі сан деп атаған. Үш санына байланысты үш қазына, үш арыс, үш би, үш дана, үш жұрт деген қалыптасқан ұғымдар бар.

- Ал, мынау қандай сан? Жеті саны туралы не айтасыңдар? **(*7 санын көрсетемін).***

- Қазақта 3,5,7 сандары киелі сан болып есептеледі. Аптада жеті күн бар. 7 бояу бар. Ертеде ата-бабамыз аспанда 7 қабат, жерде 7 қат бар деп ойлаған. 7 қазына бар. Бір нәрсеге сезіктенсе, не жаман түс көрсе апаларымыз 7 шелпек пісіреді.



- Иә, балалар, дұрыс айтасыңдар. Ал, енді екі топқа бөлініп, жарысымызды бастайық. Жарыс 4 кезеңнен тұрады.

1 кезең – Көкпар (3 мин).

Бұл турда әр топ өз сандары бойынша білетін өлең, тақпақ, жаңылтпаштарын айтады. Кәне, кім бастайды?

**1-топ:** 1. Ұшып кетті үш құс,
Ұшып келді ұшқыш.

- Ал, енді, келесі топ, сендер осы жаңылтпашты қайталай аласыңдар ма? (*қайталайды).*

2. Бір, екі, үш,
Жастар – алып күш.
Отан қорғау жолында
Сен де алға түс.

**2-топ:**

*Бір қолымда – 5 алма,*
*Бір қолымда – 2 алма.*
*Қосқанда барлығын*
*Болады неше алма? Болады: 7 алма*

*Жеті деген – жалау,*
*Жүректегі алау*
*7 дегенім – жейде,*
*Кір болмасын кейде.*

**2 кезең – Полиглот (3 мин). Берілген сандарды үш тілде (орыс, қазақ, ағылшын) атап шығады.**

3. 13. 23. 33. 43. 53.

7. 17. 27. 37. 47. 57.

Келесі оқушылар бұл сандардан сөз тіркестерін құрайды. Мысалы: **үш бала, он үш дәптер, т.б.**

Одан кейінгі оқушылар сөйлем құрайды. **Менде үш алма бар.**

**3-кезең – Кім шешеді? (8 мин).**

А) Маратта бар бес іні,
Мұратта бар екі іні.
Қоссақ бес пен екіні
Неше болады шешуі? (шешуі: 7)

ә) Көлден ұшып кетті 7 қаз
Қайтіп қонды 2 қаз
Қонбады оның шешуі? (Жауабы: 5)

Б) Табақта 1 алма,
Қолымда 2 алма.
Қосқанда барлығы
Болады неше алма? (Жауабы: 3 алма)

В) Алма ағашта 5 алма
Қандай тәтті жесе алма.
Бесеуінде жеп қойсам,
Қалады онда неше алма? (Жауабы: 0)

3-кезең – Бәйге – Жарыс сұрақтар: (5 мин). 1. Аптаның 7 күнін ата. (7 күн). 2. Жеті атасын білмеген - .......... (жетесіз). 3. Жеті бояуды ата? (қызыл, сары, ақ, жасыл, қара, қоңыр, көк). 4. Наурыз көжеге қандай жеті тағамды қосады? (айран, қамыр, тары, бидай, тұз, су, құрт). 5. Жігіттің неше жұрты бар? (Үш: нағашы, өз, қайын). 6. Үш дана кімдер? (Ыбырай, Абай, Шоқан). 7. Үш биді атаңдар? (Әйтеке, Қазыбек, Төле).

4-кезең – Шешен (5 мин).

Үш және жеті саны туралы аңыздар бойынша сендерге тапсырма беріледі. Мәтінді оқып, түсінгендеріңді айтып беріңдер. Бұл – біздің өткен тақырып, сондықтан сендерге оңай болуы тиіс.

**Жетіген**

Баяғыда бір шалдың жеті ұлы болады. Елге жау шапқанда жеті ұлы соғыста бірдей қаза табады. Сол



кезде қайғырған шал "жетіген" деген жеті ішекті аспап жасайды.

Қолға алайын, аспабым – жетігенім,
Бізге ғасыр қойынынан жетіп едің.
Елді жаудан қорғамақ болған кезде
Қапылыста қиылған жеті ұл едің.
Бөлшегісің баба айтқан шежіренің,
Тыңдап күнде аңызды көз ілемін.
Жетігенде ойнасам, жеті ерді,
Жіберердей оятып сезінемін.

**Қазына**

Бір күні Абылай Бұқардан:

- Қазына кімде? – деп сұрапты.

- Бізден сөз кетті ғой, өзің айта берсейші, - дейді Бұқар жырау.

- Мен айтсам, қазына – байда, басқа кімде болушы еді? – депті Абылай. Сонда Бұқар:

- Үш рет жұт болса, байда қазына қалмайды. Үш рет жау шапса, ханда қазына қалмайды. Қазына – білімдінің басында, - дейді Бұқар жырау.

**Үйге тапсырма** (2мин): Біз сендермен 7, 3 киелі сандарына тоқталдық. 5 саны да – киелі сан. Осы 5 саны туралы әжелерің, аталарыңнан сұрап, көрген-білгендеріңді жазып келіңдер.Бес саусақ, бес бармақ.

| | **Сабақ кезеңдері** | **"3 саны"** | **"7 саны"** |
|---|---|---|---|
| 1-тапсырма. | "Көкпар" – үй тапсырмасын тексеру. | | |
| 2-тапсырма. | "Полиглот"- топпен жұмыс. | | |
| 3-тапсырма. | "Жеміс жинау"- есеп шығару. | | |
| 4-тапсырма. | "Жарыс сұрақтар"- диалог. | | |
| 5-тапсырма. | "Сөйлем құра" – білімін тексеру. | | |
| Үйге тапсырма. | 5 саны туралы 3 сөйлем жазып келу. | | |

8-сыныптағы интеграциялық сабақ.

Пәндер: Ағылшын тілі мен қазақ тілі.

**Сабақтың тақырыбы:** *Ағылшын және қазақ әдебиетіндегі ғашықтар тұрмыс-тіршілігінің айырмашылықтары.*

**Сабақтың мақсаты:** Тақырып бойынша сөздік қорларын кеңейту, дағдыларын қалыптастыру. Ауызекі сөйлесуге жаттықтыру.

**Интеграция:** Ағылшын және қазақ тілдері.

**Өзара әрекеттесу салалары:**

*Адам-жасампаз:* Оқушылар рөлдік ойындарға топтастырылды.

*Қоршаған орта:* Әр ұлт және әр әлеуметтік ортаға жататын адамдардың тұрмыс-тіршілігін әңгімелеу. (негізгі құндылықтары мен көзқарас аумағы).

**І кезең.**

Басқа тілдегі жұмысқа даярлық. «Ғашықтар әні» әуенін тыңдай отырып, балаларға тапсырма беру:

Әннің идеясы неде? Басты кейіпкерлерді сипаттаңдар? (қазақ тілінде әңгімелеу).

**ІІ кезең.**

**А**. Мына сөйлем-бекітуді аяқтаңдар:

- Егер мен ғашық болсам .......... (Если бы я влюбился ....... ) (ағылшын тілінде әңгімелеу*)*.

**Б**. Ағылшын және қазақ халықтарының әдебиетіндегі өткен ғасыр ғашықтарының тұрмыс-тіршілігіндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтар (әңгімелеу қазақ және ағылшын тілінде жүргізіледі*)*.

**ІІІ кезең.**

*Топ бойынша жарыс.*



**А**. 1-топ: Көне ғасыр ағылшын ғашықтарының бейнесін көрсетеді.

2-топ: Қазақ халқының ғашықтарының бейнесін көрсетеді (*әңгімелеу екі тілде жүреді).*

**Б**. Әр топқа берілген ұлт ортасының көзқарастарын сипаттап көрсету (топ бойынша*, екі тілде әңгімеленеді).*

**В**. Өз сезімдері үшін ортамен күресу мүмкіндіктері.

1 топ: Ағылшын ғашықтары.

2 топ: Қазақ ғашықтары (екі тілде әңгімелеу*).*

**IV кезең.**

Рөлдік ойын – «Ғашықтар тұрмысынан көрініс».

1-топ: – Сендер көне ғасырдағы ағылшын ғашықтарысыңдар. Олардың тұрмыс-тіршілігінен қандай көрініс көрсете аласыңдар? (ағылшын тілінде «Ромео-Джульетта» пьесасынан үзінді көрсетеді).

2-топ. – Ал, сендер қазақ халқының ғашықтары туралы не білесіңдер?

(қазақ тілінде «Еңлік-Кебек» пьесасынан үзінді көрсетеді).

**V кезең**. Сабақты қорытындылау.

Қорыта келгенде, қазақ тілін оқытуда жаңа үрдіс – интеграциялық, ойын сабақтарымен қатар болашақ жас тұлғаны тәрбиелеуде этнопедагогиканың орыны ерекше. Себебі, халықтың рухани қазынасы болып саналатын туындыларда ақыл-ойдың тереңдігі, достық пен қамқорлыққа, адамгершілік қасиеттерге үндеу терең суреттелген. Демек, адамның жеке басының қалыптасуы мен өмір бағытын айқындауына пайдалы мағлұматтар осылардан қаланатыны күмәнсіз. Сондықтан да жас өскіндерді білімділікке, іскерлікке, дағдылыққа баулуда осындай психологиялық ой-пікірлерді олардың саналарына ерте бастан сіңіру аса пайдалы болып

табылады. Сонда ғана атқарылған жұмыс оң нәтижесін береді. Мектепте ата-ана, ұстаз, шәкірт байланысы үзілмеуі керек. “Баланы – жастан” дейді халық. Бұл – өміршең пікір. Жақсы бала – ата-анаға бақыт. Оған кішкентайынан жақсы кеңестер арқылы өнегелі тәрбие беріп, қимыл-әрекетіне байқау жүргізіп отыру – өмір талабы. “Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос”, “Азаматтың жақсысы әкенің ақылымен, жаманы ақшасымен күн көреді” деген мақалдар өмірден алынған. Өз орынымен айтылса, мұндай сөздердің тәрбиелік мәні зор. Осы тәріздес әр салаға, ұғымдарға байланысты мақал-мәтелдерді ұтымды пайдалануға болады. Амал қанша халқымыздың осыншама бай тілін, өткір ойын, ұлттық дәстүрін елемей, басқа жұртқа еліктеп біраз жерге бардық. Бар байлығымыз – ұлттық қасиетімізден айырылып қала жаздадық. Өнер кеніші саналатын елдің салт-дәстүрінен, халықтың мұрасынан үйренейік. Халықтық педагогикаға бет бұрайық.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. М.Аққозин. Пословицы и поговорки на казахском и русском языках. А., 2000.
2. А.Құралұлы. Ұлттық дүниетаным. А., «Өнер», 1998.
3. Б.Төтенаев. Қазақтың ұлттық ойындары. А., «Қайнар», 1994.
4. М.Барманқұлов. Тюркская вселенная. А., «Білім», 1996.
5. А.Аққошқаров. Из истории казахов. А., «Жалын», 1997.




**Дәмежан ШАКЕРОВА,**
**«Ю.А.Гагарин атындағы №3 жалпы білім беретін» ҚММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**
Шығыс Қазақстан облысы,
Шемонаиха қаласы.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДА – ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің жолдауында «Сапалы білім Қазақстанның инно-вациялық дамуына және жаһандануына негіз болуы қажет» деп міндет қойды. Соның негізінде Білім және ғылым министрлігі Кембридж университеті әзірлеген бағдарламаны ұсынды. Бұл бағдарлама 7 модульді қамтиды.

Мен өз іс-тәжірибемде қолданып жүрген 7 модульдің бірі –сыни тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Бұл модульде оқушылар да, мұғалімдер де сыни тұрғыдан дамытуды саналы және оймен қабылдауды көздейді. Оқытуда ЖИГСО, Карусель стратегияларын сабақта қолдану арқылы оқушылар өз беттерінше ойларын еркін жеткізуге, тұжырым жасауға, ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білуге тырысады. «Данышпан кілттері» стратегиясы арқылы балаларды тереңнен, салыстыра ойлануға жетелеп, Блум өлшемдерімен жұмыс жасау арқылы маршрут парақтарын жасадым. Венн диаграммасы, концептуальдық кесте, екі жақты күнделік стратегиялары арқылы мәтіннен өзіне қажеттісін тауып, қолдана білуге, өз ойын дәлелдей білуге, салыстырып, талдау жасауды үйретуді мақсат

еттім. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыстың тиісті деңгейлері: 1. Өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу. 2. Ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай білу. 3. Проблеманы шеше білу. 4. Пікірталасты жүргізе білу қабілеттері белгілі бір деңгейде қалыптасты.

Сыни тұрғысынан ойлау стратегиялары арқылы көп нәтижеге келуге болады. Оқушылар ізденеді, ойланады, бір-бірін түсінуіне мүмкіндік туады, жұппен жұмыс істеуге үйренеді. Осыған дейін де топтық жұмысты қолданып жүрдім, бірақ бір қорытындыға келмейтінмін,осы жаңа қадамдарды іске асыру арқылы менің іс-жүзінде қолданған әдіс-тәсілдерімнің оқытуда тиімді болғанына сенімдімін.

Диалогтік оқыту барысында топ бойынша жұмыс істей отырып, оқушылар өздігінен талдап, бір-біріне сұрақтар қойып, жауап іздеуге талпынады. Осы диалогтік оқытуда «Аквариум» стратегиясын сабағымның басында қолдандым. Жаңа тақырыптарды ашу мақсатында ойға жетелеу сұрақтарын қойдым.

Дарынды оқушыларды бір топқа топтастырып, Блум өлшемдері сұрақтарымен жұмыс істеу барысында оқушылар мұғалімнің көмегінсіз, өздерінің біліктілігі, ой ұшқырлығы арқасында көздеген нәтижелерге қол жеткізе алды.

Мысалы, 6-сыныпта өткізілген «Табиғат тамашасы» атты сабақта «Ой қозғау» кезеңінде «Аквариум» тәсілімен, оқушы мен мұғалім арасындағы диалогты тыңдай отырып, қалған оқушылар сабақтың тақырыбын анықтайды. Бұл тәсіл оқушыларды бірін-бірі тыңдауға, талдау жасауға төселдіреді.



«БББ» стратегиясы арқылы оқушылар өз білімін қорытындылай алады. Ой қозғау мен рефлексия кезеңдерінде оқушылар өздеріне мақсат қойып, өз білімдерін тиянақтай отырып, алдына қойған мақсатына жетеді,оны бағалау парақтарында қойылған бағалар арқылы байқауға болады.

«Данышпан кілттері» әдісін сабақта қолдану арқылы оқушылардың алдында жағдаят туылып, оқушылар ізденіске түседі.

Мен бұл сабақты өткізуді ізденіс бағытында құрастырдым. Оқушыларды үш топқа бөлдім, әр топтың өз жеке тақырыбы болды, осы тақырып бойынша балалар «Кластер» құрастырып, әңгімеледі.

Өз іс- тәжірибемде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануда ұққаным – табысқа жетудің ең басты көзі болып мұғалімнің әрбір баланың жеке тұлғалық ерекшелігіне негізделген балаларға деген махаббаты болып табылады. Әрбір тәрбиеленушіге өз бойындағы дарыны мен талантын, қабілеттерін аша түсуге мүмкіндік жасау қажет, оларды өзімен және қоршаған әлеммен үйлесімділікте өмір сүруге үйрету керек.

Мен осы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жаңа курстың нәтижесінде өз кәсібилігімді де біраз арттыра алғаныма, жұмысымның нәтижелі бола бастағанына көзім жетті. Неге десеңіз, оқушының сабаққа, пәнге деген қарым-қатынасы жақсара бастады, баланың қабілеттерінің жетіле түскенін байқадым, баланың нағыз «АДАМ» болып, болашақтағы өз-өзін іске асыруына ұмтылысының артқанын көрудемін. Ал, олар – бәріміздің тірегіміз!

**Балдырған ЖАЛПАҚОВА,**
**«Гимназия» мемлекеттік мекемесінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Қостанай облысы,
Жітіқара қаласы.

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Оқушыны ынталандыра, пәнге деген қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану – мұғалім тарапынан көп ізденуді қажет етеді. Тіл үйренушіге дайын материалды ұсынып, жаттап алуды, есіне сақтауды талап еткеннен гөрі өздігінен іздене отырып ойлау арқылы үйренуге мүмкіндік жасаған тиімді. Мемлекеттік тілді орыс сыныптарындағы оқушыларға меңгерту – аса күрделі әрі үнемі ізденісті қажет ететін іс. Бұл мұғалімнен көп ізденіспен қатар әр оқушының тіл үйренудегі ерекшелігін жете зерттеуді қажет етеді. Сабақ жүргізу әдісімен меңгерген ұстаз сабақты түсіндіріп қана қоймай, оқушының өз бетімен ізденуіне түрткі болып отыруы, жетектей білуі қажет. Мектептегі оқу үдерісі оқушылардың ізденімпаздығын, шығармашылық әлеуетін дамытуына жол ашуы қажет. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.



Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оқытудың жаңа технологияларын пайдаланған жөн деп ойлаймын. Шығармашылық қабілетін дамыту – баланы ойлай білуге үйрету. Мұғалім үнемі шығармашылық қабілетін дамыту жолдарын нұсқап отырса, балалардың өздері де ізденіске түседі. Шығармашылық жұмыстар оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында оқытушы мен шәкірттің арасындағы екі жақты педагогикалық үрдісті (1-сурет) қолданамын:

- Сөзді, сөз тіркесін дұрыс қолдануы;
- Құрастыру арқылы ойын жүйелі түрде айта білуі;
- Сауаттылығының артуы (шағын шығарма, эссе, әсері);
- Оқушының жеке қабілеті айқындалады;
- Іштей бір-бірінен қалмауға тырысады;
- Тапсырмасын күрделендіру деңгейіне сәйкес оқушының ойлау қабілеті артады;
- Әр бала өз деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады;
- Даму мониторингі құрылып, қадағалап отырылады.




1-сурет. Педагогикалық үрдіс.

Жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, шығармашылықпен ой толғай білетін, оқу арқылы өзінің ой-өрісін, шығармашылық қабілетін дамыта алатын жеке тұлға қалыптастыруымыз керек. Заман ағымына сай білім беруді дамыту, білім сапасын әлемдік деңгейге көтеру – кез келген оқу орынының және ұстаздың басты міндеті. Әр ұстаз өз оқушысының білікті, білімді азамат болғанын қалайды.

Оқушылардың дара тұлғалық қабілеттерін ескере отырып, олардың әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, өздеріне деген сенімділігін арттырып, шығармашылық жұмыс істеуге жетелеудің, оқушының білімге деген ынтасын арттыра білудің маңызы ерекше. Жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігін арттыруда



мына сатылар бойынша жұмыс жүргізіледі:

- Оқушыға бағыт-бағдар беру;
- Оқушының өздігінен жұмыс істеуі;
- Оқушының ізденуі;
- Өз жұмыстарын қорғау, талдау.

Бүгінгі таңда қолданылып жүрген педагогикалық технологиялардың элементтерін сабақта пайдалана отырып, оқушылардың ой-өрісін, тіл байлықтарын дамытып, ізденімпаздыққа, білімді өздігінен меңгеруге жағдай жасап, білім мен тәрбиені оқушылардың өміріне ең қажетті біліктіліктерін жетілдірудемін. Оқушыларға сапалы білім берудегі менің алға қойған негізгі мақсатым – оқушыға сапалы білім беру, алған білімдерін тәрбиемен ұштастыра білуге үйрету. Сөйтіп болашақта білім негізі қаланған шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру.

Баланы жастайынан шығармашылық өнеріне қалай баулу керек?

Қазіргі өзекті мәселелердің бірі – осы. Шығармашылыққа үйрету үшін мынадай жағдайларды ескеруге тиіс:

- мұғалім, ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін баланың назарын бір нәрсеге бағыттауы керек.
- әрбір шығармашылық тапсырманы оқушыға ұсынудың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үйлескені жөн;
- оқушылардың шығармашылықпен айналысуына мектепте, сабақ үстінде қолайлы жағдай жасау ұтымды;
- шығармашылық бағытқа баланы жүйелі, сапалы түрде қалыптастырып отырған дұрыс.

Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып,

балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсіл көмегімен өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлауын және қиялын, ойын дамытып, оларды сөйлеуге үйретеді.

**І. Шығармашылық жұмыстың бастамасы - өз бетіндік жұмыс.**

Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін олардың өз бетіндік жұмыстарынсыз дамыту мүмкін емес. Өз бетіндік жұмыс түрлеріне негізгі 3 жұмыс түрлерін жатқыза аламыз:

1. Логикалық дамытушы ойындармен берілген тапсырмалар (құрастырмалы ойындар, ребус, сөзжұмбақтар, анаграмма, сканворд, т.б.).

Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін өзіндік жұмыс түрлері – *логикалық дамытушы ойындармен* берілген тапсырмалар:

1-тапсырма. Мына тордың ішінен 12 сабақтың атауын тап.

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **м** | **а** | **т** | **с** | **у** | **р** | **е** | **т** | **б** | **и** | **о** | **л** | **о** | **г** |
| **ж** | **л** | **е** | **а** | **ә** | **г** | **г** | **е** | **б** | **о** | **с** | **о** | **г** | **и** |
| **а** | **г** | **м** | **а** | **ғ** | **ы** | **л** | **о** | **г** | **ф** | **а** | **ф** | **и** | **я** |
| **р** | **е** | **б** | **т** | **в** | **ш** | **ш** | **м** | **у** | **з** | **л** | **м** | **з** | **ә** |
| **а** | **М** | **р** | **и** | **н** | **к** | **ы** | **н** | **ә** | **ы** | **а** | **у** | **и** | **у** |
| **т** | **р** | **а** | **к** | **а** | **ә** | **д** | **е** | **б** | **к** | **у** | **у** | **к** | **а** |
| **ы** | **л** | **ы** | **а** | **и** | **ә** | **қ** | **б** | **в** | **а** | **а** | **т** | **е** | **о** |
| **х** | **и** | **с** | **т** | **а** | **ә** | **л** | **и** | **е** | **т** | **н** | **а** | **р** | **я** |
| **и** | **м** | **и** | **я** | **н** | **у** | **у** | **т** | **н** | **м** | **с** | **н** | **у** | **я** |



2-тапсырма. Сканворд.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Жылқы, сиыр, ешкі. | | | | Тағам Сан | |
| | Түйенің сүті | әкенің әкесі | | | |
| | Қымыз ... сүті. | Кішкентай ғана бойы бар, айналдырып киген тоны бар. Ол не? | | | |
| | | | ..қыт | | ... түлкі |
| | Ұшақ маркасы | Киіз үйдің бөлігі. | | | |
| | | Клык у животных. | | | |

3-тапсырма. Криптограмма: «Құстар».

Мына тордың ішіне цифрлардың орынына алфавит әріптерін жазыңдар.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 23 | 16 | 37 | 6 | 1 | 34 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 27 | 16 | 3 | 27 | 16 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 14 | 21 | 14 | 8 | 14 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | 15 | 15 | 26 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | 1 | 23 | 1 | 25 | 20 | 23 | 6 | 1 | 13 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | 37 | 23 | 6 | 1 | 26 | 37 | 16 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 | 20 | 23 | 1 | 11 |

2. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері (мәтіннің мазмұнын өңдеу, мәтін бойынша мақал құрастыру, сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу, мүсіндеу, т.б.).

Мысалы, тапсырма «Образға кіру»: Жансыз заттардың, өсімдіктердің, жануарлардың орындарында өздері қандай күй кешетіні, қандай қызмет атқаратынын сезіну. Мен – гүлмін (ыдыспын, ағашпын, кітаппын, ойыншықпын) деген әр түрлі тақырыптарда әңгіме жазғызу. Оқушының әңгімесі*: Мен – гүлмін. Мен жерде өсемін. Маған ауа, су, жарық қажет. Мен адамдарға*

*қуаныш сыйлаймын. Адамдар мені аналарына, мұғалімдеріне сыйлайды. Менің иісім жақсы. Мені адамдар жақсы көреді.* Осы арқылы оқушылардың ой-өрісі кеңейіп, тілдері дамиды.

3. Өз ойынан еркін тақырыпқа мәтін құрастыруға берілген әдеби шығармашылық бағыттағы жұмыстар (өлең құрастыру, мақал негізінде әңгіме жазғызу, мақалға көрініс көрсету, бұрыс мәтінді дұрыс мәтінге айналдырып оқу, жазу, т.б.).

Мысалы: өлең негізінде әңгіме жазғызу:

«Құстар – менің жан досым,
Күнде оларды көремін.
Қамқор болып әрқашан,
Ұя жасап беремін.»

Оқушының әңгімесі: *Құстар – біздің достарымыз. Олар көп пайда береді. Ағаштағы зиянды жәндіктерді жеп қояды.Орманда,далада неше түрлі құстар көп. Біз оларға қамқор болуымыз керек. Әсіресе, қыстыгүні құстарға өте қиын. Сондықтан біз оларға ұя жасап, жем береміз.*

**II. Қазақ тілін үйретуде бастапқы мақсат – коммуникативтік бағытта оқыту**.

Сөйлеу – бұл адамдардың тіл арқылы байланыс жасау үдерісі. Оқушы бойына тіл зандылықтарын сіңіріп, қолдана білу, ауызекі сөйлеу және ойын жазбаша беру біліктіліктерін, дағдыларын тиімді меңгертіп беруді мақсат етіп қоямын. Сөйлеу жаттығулары қарым-қатынас жасауға бағытталады. Қазақ тілі сабағында жүргізілетін жұмыстың бір түрі – оқушыларды қазақша сөйлеуге үйрету, сұраққа жауап бергізу, өздерін бір-бірімен сөйлестіріп, оқығандарын ауызша айтқызуға (түсінгені бойынша) дағдыландыру. Демек, оқушылардың көру,



есту, айту, есте сақтау қабілетін үнемі дамытып отыру қажет. Қазіргі талап бойынша, баланы басты тұлға деп есептесек, жаңа буын оқулықтарымен жаңаша жұмыс істеуде әр мұғалімнен шығармашылық ізденісті талап ету орынды және заңды.

1-тапсырма. **Бір-біріңмен өзара сөйлесіңдер.**

А.

| Қазақшаға аударыңыз. | Жауабын тексеріңіз. |
|---|---|
| 1. Ты в каком городе живешь?<br>2. Город какой?<br>3. Улицы города какие?<br>4. В городе что есть?<br>5. Много ли школ в городе?<br>6. Ты в какой школе учишься?<br>7. Тебе твой город нравится? | Мен .... қаласында тұрамын.<br>Қала үлкен және әдемі.<br>Қаланың көшелері кең, таза.<br>Қалада ..., ..., .... бар.<br>Иә, қалада мектептер көп.<br>Мен № ... мектепте оқимын.<br>Маған менің қалам ұнайды. |

Ә.

| Қазақша айтыңыз. | Сұрағын тексеріңіз. |
|---|---|
| 1. Я живу в городе ...<br>2. Город большой и красивый.<br>3. Улицы города просторные, чистые.<br>4. В городе ...., ..., ... есть.<br>5. Да, в городе много школ.<br>6. Я учусь в школе № ...<br>7. Мне мой город нравится. | Сен қай қалада тұрасың?<br>Қала қандай?<br>Қаланың көшелері қандай?<br>Қалада нелер бар?<br>Қалада мектептер көп пе?<br>Сен қай мектепте оқисың?<br>Саған сенің қалаң ұнай ма? |

2-тапсырма**. Төмендегі жауапқа сәйкес сұрақ табыңыз.**

- ……..  ..........  ......  .......
- Менің үйім Абай көшесінде.
- .....  ......  ....  ...... ?
- Үйдің жанында аула бар.
- .....  ........ .......?
- Үйім 5 қабатты.
- .....  ......  ....... ?
- Пәтерім 2-қабатта.

- ...... ..... ......?

- Пәтерім 4 бөлмелі.

- ...... ...... .......?

- Менің бөлмем кең, жарық және таза.

- ...... ...... .......?

- Бөлмемде үстел, диван, екі орындық және шкаф бар.

- ...... ..... .... .....?

- Қабырғада кітаптарға толы сөре ілініп тұр.

- ..... ..... .....?

- Еденде әдемі кілем жатыр.

- ..... ..... ...... .....? - Маған менің үйім ұнайды.

**III. Тірек-сызбалар.**

Грамматикалық материалды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек-сызбалардың қолданылуы тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге жаттықтырады. Тірек-сызбалармен жұмыс істеуді оқушы жақсы меңгеріп алса, сөйлем құрастыру, сөзді, сөйлемді талдау, өз ойын жеткізу жеңіл болады. Тірек-сызбалардың оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруда да маңызы зор. Өз бетімен тануға үйрету оқушылардың белсенділіктерін ғана арттырып қоймай, олардың зерттеу қызметі, жеке тұлға қасиеттері мен даму қабілетін арттырудың бірден-бір жолы деп саналады. Тірек-сызбалардың тағы бір тиімділігі – сабақтың сапасын арттырады, оқушылардың белсенділігін, ойлау және еске сақтау қабілеттерін дамытып, қазақ тілін оқып-үйренуге деген қызығушылығын арттырады.

1. **Сызбалар және сурет арқылы сөйлесіңдер.**









**IV. Оқытудың жаңаша мазмұны барлық пәндерде қолданылатын көрнекі құралдарға,олармен жұмыс істеуге де жаңаша талаптар қояды**. «Құстар-біздің достар» сюжетті суреті бойынша әңгіме құрастырып жазуға тапсырма беремін: *Омар мен Жомарт шаңғыларын алып,серуенге шықты. Кенет ағашта тоңып қалған құстарды көрді...*

*- Әрі қарай не болуы мүмкін? Оны өздерің аяқтап жазыңдар»,*- деген мәселені алдарына қоямын. (2-сурет).



2-сурет.

Өз тәжірибемде «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының элементтерін сабақтарымда қолданамын. Олар: Венн диаграммасы, топтастыру, ойтолғау, жұпта талқылау, тірек сөздер, кейіпкерлерге хат әдістері, екі жақты күнделік, семантикалық карта, графикалық диктант, 5 жолды өлең, т.б. Бұл әдістер де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады,бір-бірімен ой алмастыруын, ой түйістіруін қамтамасыз етеді. Әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады.

Оқушыларды шығармашылыққа баулу, білім деңгейін жетілдіру – ұзақ әрі жүйелілікті қажет ететін үдеріс. Оқушының дамуы біртіндеп жаңа сапаға көтеріле береді Осындай жүйелі жұмыстар нәтижесінде оқушының пәнге қызығушылығы, ынтасы артады, олар өз бетімен шығармашылықпен жұмыс істеуге қалыптасады. Оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық.

*Әр ұстаз оқу-тәрбие жұмысына шығармашылық-пен қарап, жаңа заман талабына сай, озық ұлттық рухта тәрбиелеп, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз. Ұстаз бен шәкірттің бірлесе жасаған еңбегінің нәтижесі – сапалы білім болып табылады.*





**Раушан КАМЕТОВА,**
**преподаватель КГУТ и**
**Инжиниринга им. Ш.Есенова.**

# ПРОИЗНОСИТЕЛЬНАЯ КУЛЬТУРА КАК СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ-ИНОФОНОВ

Успешность общения зависит от того, насколько понятно и выразительно собеседники оформляют свою речь. По тому, как человек говорит, можно судить об уровне его образования и происхождении, уровне самооценки, социальных претензий и амбиций. Поэтому можно утверждать, что правильное произношение является одним из важных элементов культуры речи.

В практическом курсе языка внимание, уделяемое произношению, зависит от целей и задач данного курса.

Основная цель обучения фонетике – выработка ассоциаций между грамматическими и фонетическими категориями в сознании иноязычных студентов.

Основной задачей фонетики является выработка артикуляционного автоматизма, достаточного для обеспечения того или иного вида речевой деятельности. Овладение навыками правильного произношения - необходимое условие развития навыков и умений во всех видах речевой деятельности.

Говоря о пределах точности в усвоении иноязычного произношения, С.И.Бернштейн отмечает, что

«неодобрительное отношение к «иностранному акценту» отчасти объясняется как неосознанная форма протеста слушателей против принуждения к непродуктивной затрате умственной энергии. Отсюда ясно, что осознаванию и усвоению подлежат те произносительно-слуховые нормы, нарушение которых замечается представителями изучаемого языка»[2, с. 18].

Обучение русскому языку иностранных студентов начинается с вводного фонетического курса. Это могут быть *вводно-фонетический, фонетико-грамматический* и *фонетико-лексический* курсы. Мы используем в своей практике, как правило, два первых.

Цели и задачи вводного фонетического курса состоят в том, что он знакомит учащихся 1) *с системой фонетики* русского языка; 2) *с артикуляцией русских* звуков; 3) *с особенностями ударения* и его реализации в различных типах слов; 4) *с основными типами интонационных конструкций*.

Кроме того, в рамках вводно-фонетического курса происходит также развитие *навыков устной речи, чтения и письма*.

Студенты должны уметь читать *слоги, слова, словосочетания, предложения и короткие тексты*, построенные на изученной лексике; задавать вопросы по изученной теме и отвечать на них; составлять короткий текст (2-3 предложения) по изученным ситуациям; *писать слоги*, знакомые слова и короткие предложения.

Отбор лексики и грамматических явлений во вводно-фонетическом курсе подчинен задачам обучения произношению. Каждое слово вводится только после



того, как отработаны все звуки, входящие в его состав. Аналогичное условие соблюдается относительно акцентных моделей и интонационных конструкций. Наряду с этим лексика вводно-фонетического курса должна быть такой, чтобы дать возможность - пусть и в ограниченной мере - общаться с её помощью. Лексика должна быть 1) *употребительной*; 2) *конкретной*, что допускает наглядную семантизацию; 3) *несложной* по грамматической интерпретации. Не следует включать *интернациональные слова*, т.к. в них наиболее вероятна *интерференция*.

Большинство исследователей считает одной из основных причин тех или иных отклонений в речи билингвов межъязыковую интерференцию, которая возникает в сознании говорящего вследствие наложения системы родного языка на систему изучаемого. При восприятии незнакомого слова человек пытается соотнести слышимое с комплексом фонологических представлений родного языка. В силу различия фонетических систем родного и изучаемого студент-инофон языка представление об услышанном часто бывает искаженным под влиянием родного языка. Такое искаженное представление учащийся отражает, репродуцируя чужую речь.

Объективный процесс интерференции порождает в речи билингва систему устойчивых отклонений, которую обычно характеризуют как *акцент*.

Акцент – это зеркало, в котором отражаются приметы родного языка. По акценту говорящего на русском языке легко определить, какой язык является родным для данного студента.

Вводно-фонетический курс продолжается 7-10 дней (40-50 аудиторных часов).

Работа над постановкой произношения продолжается и в дальнейшем. Это связано с тем, что вводно-фонетический курс не покрывает всех, даже существенных, фонетических особенностей русского языка. Обычно отработка произносительных навыков продолжается в *сопроводительном* курсе фонетики, который продолжается целый год. На занятии на эти цели отводится от 5 до 15 минут.

Но мы посчитали, что отработкой произношения целесообразнее заниматься в курсе *аудирования*, который мы обычно выделяем в отдельный аспект, так же, как и письмо. После изучения базового учебника к вышеназванным аспектам присоединяются *лексико-грамматический*, чтение и *говорение*.

*Умения письменной речи* являются наиболее сложными. Это объясняется, во-первых, необходимостью включения большого количества анализаторов. Во-вторых, письменная речь характеризуется развернутостью, произвольностью и организованностью. На начальном этапе цели обучения письменной речи ограничены: как правило, это частное бытовое письмо.

Знакомство с *русским алфавитом* происходит ещё во вводно-фонетическом курсе. Тогда же начинается и обучение технике письма, которая включает в себя умение правильно писать буквы и овладение правилами русской графики и орфографии.

Самыми распространенными отклонениями от русской каллиграфии являются следующие:

1. Некоторые русские буквы иностранные



учащиеся пишут выше строки -к, л (здесь сказывается интерферированное влияние латинского алфавита);

2) Буквы в слове пишутся отдельно друг от друга.

При обучении техники письма необходимо уделять внимание *звуко-буквенным* соответствиям, ибо пишущий всегда отталкивается от слышимого слова и его произношения.

На начальной стадии обучения письму больше половины ошибок является следствием плохого освоения фонетики изучаемого языка. Помогает в устранении ошибок написание букв со слуха, списывание слов с определенным заданием (например, *подчеркнуть определенные буквы, отметить слова, где количество букв не совпадает с количеством звуков* и т.п.). Иностранные студенты должны запомнить порядок следования букв в алфавите, названия букв: это пригодится им в дальнейшем для правильного чтения аббревиатур. Полезно время от времени повторять алфавит.

*Правила русской графики* устанавливают особенности обозначения русских звуков в зависимости от их окружения: обозначение твердых и мягких согласных, правописание гласных после шипящих и др.

Объясняя правила орфографии важно пояснить иностранным студентам, что основным принципом русской орфографии является морфологический. Это значит, что каждая морфема сохраняет на письме единое начертание, хотя произносится по-разному в зависимости от фонетических условий. Методисты считают, что преодоление орфографических трудностей происходит в процессе изучения грамматики, лексики, работы над составом слова.

Велика роль фонетики и при обучении аудированию. Восприятие текста на слух сопряжено с преодолением множества трудностей, едва ли не главную роль среди которых играют *фонематические*, вызванные расхождением графического и акустического облика слова в условиях неполного стиля произношения, а также *ритмико-интонационные* особенности, осложняющие рецепцию, и трудности лексического характера, вызванные распознанием *омофонов* (мог-мок, посветить-посвятить), *омонимов, многозначных слов, паронимов, имен собственных*.

Все перечисленные трудности осложняют работу психофизиологических механизмов аудирования.

Как известно, аудирование начинается с восприятия речи, во время которого слушающий с помощью *механизма внутреннего проговаривания* преобразует звуковые образы в артикуляционные. Но правильное озвучивание про себя возможно только тогда, когда у слушающих сформированы произносительные навыки во внешней речи. Следовательно, на начальном этапе аудирование должно развиваться в тесной связи с говорением, чтением вслух, что, с одной стороны, обеспечивает формирование четких произносительных навыков, а с другой стороны – способствует установлению прочных связей между артикуляционными и слуховыми ощущениями.

Хорошо известно, что ошибки на фонетическом уровне являются серьезным препятствием для общения. Л.В.Щерба подчеркивал: «Ошибки в произношении ничуть не лучше ошибок, например, в грамматическом роде имен существительных, в падеже и т.п., а зачастую являются даже хуже их, так как мешают



осуществлению основной цели языка - коммуникации, т.е. взаимопониманию» [3, с. 8]).

Таким образом, задача усвоения русским языком не может быть успешно решена без знания его произносительных норм. И это особенно важно на первом, начальном этапе обучения.

**Использованные литературы:**

1. Б.В.Беляев. Очерки по психологии обучения иностранным языкам: Пособие для преподавателей и студентов. М., 1965.

2. С.И.Бернштейн. Вопросы обучения произношению (применительно к преподаванию русского языка иностранцам)/ С.И.Бернштейн// Вопросы фонетики и обучение произношению. М., Изд-во Моск. ун-та, 1975.- С.5-61. 3.Ю.Г.Лебедева. Пособие по фонетике русского языка/Ю.Г.Лебедева. М., Высш. шк., 1981. 428.

**АНАР ШМАНОВА,**
**к.п.н., доцент кафедры «Казахский и русский языки»**
**Казахского экономического университета им. Т.Рыскулова.**

## О ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ СОСТАВЛЯЮЩЕЙ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ В НЕЯЗЫКОВЫХ ВУЗАХ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ДИАЛОГА КУЛЬТУР

Модернизация образования в Казахстане, изменения в общественной жизни страны, масштаб и многонаправленность данных изменений

выдвигают новые требования к специалисту-выпускнику вуза. Одной из актуальных задач в вузовской подготовке будущего специалиста является приобщение обучающегося к опыту общения, научение его общению, воспитание учащегося как субъекта общения. Сегодня чрезвычайно актуален социальный заказ на человека, обладающего несомненной коммуникативной культурой, которая обеспечивает воздействие и взаимодействие в процессе жизнедеятельности, обеспечивает проявление практически всех качеств личности. То есть сформировавшаяся коммуникативная культура смягчает проблемы жизнедеятельности, создает ситуацию взаимопонимания и продуктивного взаимодействия. Под коммуникативной культурой нами понимается интегративное качество личности, вбирающее в себя ее коммуникативную компетентность, ее коммуникативную направленность, ее ценностное отношение к коммуникативной деятельности и обеспечивающее в своем интегративном взаимодействии ее продуктивную коммуникативную деятельность.

Здесь важно отметить, что вопросы коммуникативной культуры сегодня горячо обсуждаются не только специалистами, но и широкой общественностью. Это говорит о злободневности, социальном характере указанной проблематики. Действительно, речь наших современников многими воспринимается как сниженная, ненормативная, то есть отмечается расшатывание литературных норм, вульгаризация речевой практики, экспансия



разговорной речи, немотивированное использование иноязычной лексики, несвойственное русскому языку интонирование, языковая агрессия и т.п. Вместе с тем многие из современных русистов не считают, что указанные негативные речевые явления и процессы могут привести в последующем к катастрофе русского языка, к его разрушению и гибели. Опираясь на положение о языке, как развивающемся явлении, они ссылаются на периоды в историческом развитии русского языка, аналогичные современным: иностранизация русской речи в эпоху Петра I; жаргонизация языка в советское время (20-е годы XX века) и др., когда русский язык, отбросив все ненужное, наносное, выходил из этих ситуаций обновленным и продолжал жить. Однако сказанное не повод для успокоения. И главным образом потому, что оскудение языка, его огрубление, снижение тональности общения свидетельствуют о нашей духовной и нравственной деградации. Бедная и убогая речь наших учащихся – показатель их мышления, так как «бедность, серость, однообразие языка связывается с серостью и неоригинальностью мысли» [1]. Помимо этого, при действии указанных выше негативных речевых явлений и процессов деформируется языковой вкус обучающихся, тем более в рамках обучения русскому языку как неродному, где конечной целью является формирование коммуникативной компетенции, соответственно деформируются представления о коммуникативном поведении, о коммуникативной культуре, ибо языковой вкус будет определяться

скорее модой, чем красотой, правильностью и уместностью речи. К тому же если эту моду диктует Интернет, языку которого часто присуще просто игнорирование синтаксических, пунктуационных, орфографических и иных норм, замена проблемных полилогов легковесными чатами, сложных описаний эмоций смайликами и т.д. То есть общество отучает молодое поколение думать, наблюдать, оценивать.

В этих условиях встает кардинальный, на наш взгляд, вопрос воспитательного характера, а именно – о воспитании у обучающегося сознательного отношения к своей речи, речи окружающих, способности воспринимать язык как национальную и общечеловеческую ценность, воспитании у него его личной ответственности за каждое сказанное слово. В этих целях, в целях воспитания у обучающихся коммуникативной культуры на занятиях русского языка необходимо добиваться овладения учащимися знаниями о закономерностях системы языка, ее функционирования, формирования на этой основе у них умений и навыков нормативного, уместного и этичного использования языковых средств в разнообразных ситуациях и сферах общения. В связи с чем к основным задачам дисциплины «Русский язык» в неязыковом вузе должны относиться не только: развитие у студентов речевой способности в виде навыков и умений в четырех видах речевой деятельности, которая позволит им свободно общаться во всех сферах общения и различных коммуникативных ситуациях; развитие у студентов углубленной языковой и коммуникативной компетенций на



основе языка специальности, способствующих совершенствованию их профессиональной подготовки, но и также совершенствование речевой культуры; воспитание культурно-ценностного отношения к русской речи; развитие познавательной культуры студентов, их языковых, интеллектуальных способностей, практического владения языком; активизация мыслительной деятельности студентов, совершенствование умений и навыков самостоятельной работы над учебным материалом, знание норм культуры русской речи, освоение этических формул речевого общения на русском языке. То есть успешное воспитание коммуникативной культуры обучающихся возможно, с нашей точки зрения, при учете, реализации еще трех моментов: 1) коррекция, частичное обновление лингвистической основы преподавания русского языка как неродного в неязыковом вузе, а именно привнесение в языковое обучение того, что называют «внутренней мотивацией учебного процесса» (Н.М.Шанский). Мотивацией, достигаемой не внепредметными, внешними средствами, а, главным образом, теми внутренними ресурсами, которыми обладает сам курс русского языка как учебный предмет; 2) стремление не только и не столько к использованию «занимательного», информативно интересного языкового (текстового) материала, сколько к обеспечению понимания и знания обучающимися того, как с помощью разнообразных языковых средств (лексических и грамматических) отражается окружающая нас действительность, выражаются наши мысли и чувства; как нужно

пользоваться этими средствами, чтобы быть понятым собеседником (собеседниками); как правильно понять смысл обращенной к вам устной/письменной речи: с какой целью человек говорил и что именно он хотел сказать; 3) целенаправленное обучение студентов этическим формулам речевого общения: в какой обстановке, ситуации как уместно попросить, поздороваться, установить контакт, отказаться, потребовать, приказать, посоветовать и т.п. Таким образом, задача воспитания коммуникативной культуры в обучающихся может быть решена, на наш взгляд, в случае: а) освоения ими норм русского литературного языка (нормативный аспект культуры речи); б) правильного восприятия устной и письменной речи, свободного пользования словом для выражения своих мыслей и чувств в устной и письменной форме; в) соблюдения этических норм общения.

В целях успешного решения указанных трех задач, направленных на воспитание коммуникативной культуры в обучающихся, важно регулярно использовать на занятиях по русскому языку задания, типа:

1) насколько правомерны, на Ваш взгляд, с точки зрения этики общения на русском языке, следующие реплики в следующих ситуациях общения …;

2) а) Употребление какого из данных в скобках предлогов соответствует нормам литературного языка?

б) Выделите в тексте сочинительные союзы. Какой из союзов употребляется в разговорной речи?



3) Прочитайте высказывания (известных людей о языке). Укажите стилистические особенности и ресурсы частей речи в данных предложениях.

4) Прочитайте текст. Выпишите словосочетания, с помощью которых удалось более точно и красочно описать главную тему текста.

5) а) Прочитайте. Найдите ошибки в построении предложений с однородными членами. Запишите в исправленном виде.

б) Прочитайте. Укажите ошибки и недочеты в построении сложноподчиненных предложений. Перепишите в исправленном виде.

в) Прочитайте. Укажите, какие ошибки допущены при передаче прямой речи косвенной. Перепишите, исправляя предложения.

г) Прочитайте. Найдите ошибки в употреблении наречий. Перепишите в исправленном виде.

д) Прочитайте. Укажите, ошибки в построении предложений с деепричастиями. Перепишите в исправленном виде.

е) Прочитайте. Укажите ошибки, допущенные при образовании причастий. Перепишите в исправленном виде.

ж) Прочитайте. Укажите, какие неточности допущены при употреблении местоимений. Перепишите, исправляя предложения.

6) Запишите текст, состоящий из сложных предложений, попробуйте передать его содержание простыми конструкциями. Сравните, в каком случае сложная по содержанию мысль выражена более точно, сжато и выразительно.

7) Закончите рассказ, употребляя сложносочиненные предложения с противительными союзами. Определите, почему здесь уместны эти конструкции.

8) Составьте алгоритм выполнения действий/ манипуляций, необходимых в Вашей профессии, используя глаголы в повелительном наклонении.

9) Составьте и запишите отчет о Вашем факультете (дата образования, сколько отделений, кафедр, студентов и т.п.), используя имена числительные.

10) Расскажите о своей мечте, используя глаголы в условном наклонении.

11) Составьте словарь, включающий названия людей и названия неживых предметов, употребляющиеся в Вашей профессии.

12) Составьте и запишите текст публицистического стиля (репортаж, заметку).

13) Составьте и запишите тексты: а) научного стиля; б) разговорного стиля; в последнем случае, используя слова, образованные с помощью эмоционально-экспрессивных приставок и суффиксов, отражая при этом специфику своей будущей профессии.

Таким образом, задачи воспитания коммуникативной культуры обучающихся на занятиях по русскому языку в неязыковом вузе, востребованные реалиями современной языковой действительности, могут найти свое успешное решение при условии введения в процесс языковой подготовки будущих специалистов неязыкового профиля компонента, связанного с культурой русской речи, содержания, учитывающего специфику коммуникативных задач, с которыми столкнутся будущие специалисты в профессиональной сфере, этических коммуникативных норм, которых придерживается современная русская лингвокультура.

**Использованные литературы:**

1. Л.А.Введенская. Русский язык и культура речи: учебное пособие для вузов / Л.А.Введенская, Л.Г.Павлова, Е.Ю.Кашаева. Изд. 25-е. Ростов-на- Дону: Феникс, 2008. 539 с.

**Аңдатпа**

Мақалада қазақстандық тілдік емес ЖОО-да орыс тілін оқып үйренуде коммуникативтік мәдениеттің мәселелері сөз болады: сөйлей білу мәдениетін жетілдіру, орыс тіліне деген мәдени қатынасты қалыптастыру, студенттердің танымдық мәдениетін, тілдік және интеллектуальдық икемділіктерін жетілдіру, олардың ойлау қабілеттерін арттыру, оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істей алу дағдыларын дамыту т.б.

**Annotation**

This article is devoted to questions of communicative culture within teaching Russian as a second language in Kazakhstan not language high school: improving speech culture; education of cultural value attitude to the Russian language; Development of the learning culture of students, their language, intellectual abilities, practical proficiency; enhancing mental activity of students, improve skills of independent work on educational material, knowledge of cultural norms of Russian speech, development of ethical formulas verbal communication in Russian.



**Гүлжазира САБАЗБЕКОВА,**
**«Haileybury Almaty»**
**мектебінде қазақ тілі пәнінің мұғалімі.**
Алматы қаласы.

# ОЙНАП ӨСПЕГЕН БАЛА ОЙЛАП ӨСПЕЙДІ

Бастауыш сыныпта шет тілін оқытуда ойынның сабақта алатын орыны ерекше. Жаңа сөзді, сөз тіркесін немесе сөйлемді есте сақтау үшін оны кем дегенде елу рет қайталау керек. Сөздерді бір сарынды қайталай беру баланы жалықтырып жібереді. Сондықтан дидактикалық ойындар осы нәтижеге жетудің бірден-бір жолы болып табылады. Өзімнің осы тұрғыда қолданып жүрген бірнеше ойын түрлерімен бөліскім келеді.

**Кім жылдам?**

Әр лексикалық тақырыпқа байланысты міндетті түрде суреттерді пайдаланамын. Себебі, балалардың шамамен жетпіс бес пайызы көру арқылы еске жақсы сақтайды. Суреттердің мөлшері А4 қағазының жартысындай болады.

Бұл ойынға өтілген тақырыпқа байланысты 6-8 сурет тақтаға ілінеді.

Мысалы: «Киімдер» тақырыбына суреттер алайық.





Екі оқушы тақтаға келеді, қолдарында маркер немесе қарындаш болады. Мұғалімнің айтқан суреттерін жылдам көрсетуге тырысады. Қай оқушы бірінші көрсетсе, сол оқушыға ұпай беріледі.

Ойын соңынан ол балалардың орынына басқа жұпты шақыруға болады немесе жеңген баланы қалдырып, басқа қарсыласпен жарыстыруға болады.

Артынан сөздерді айтуға басқа балаларды шақыруға жол ашық.

Балалар бұл ойын арқылы жылдамдыққа, дәлдікке, есте сақтауға тырысады, сөздерді қиналмай-ақ ойын арқылы есте сақтайды.

**Не жоқ?**

Мұғалім балалардан көздерін жұмуларын сұрап, бір суретті алып, қалған суреттердің орынын ауыстырып қояды. Балалар көздерін ашып, қай суреттің жоқ екенін табады. Келесіде мұғалімнің орынын оқушы алмастырады.

Немесе, бір оқушы есіктен шығып тұрады, келесі оқушы бір суретті алып, артына жасырады. Шыққан оқушы кіріп, жоқ суретті тауып, атын атайды. Бала саны көп болса, екі оқушы шығып, екі оқушы суретті жасыруға болады.

**Менде не бар?**

Алдын ала балалар қолдағы барлық суреттерді көріп, аттарын атап шығады. Сосын бір бала шығып, арасынан бір суретті таңдап алып, сурет жағын кеудесіне қойып, «Менде не бар?» деп сұрайды. Отырған балалар кезек-кезек айтып, сол суретті табуға тырысады. Бұл ойын арқылы сұраулық шылауларды пысықтауға болады. Мысалы, отырған балалардың біреуі «ол доп па?» деп сұрайды, «иә, доп», немесе «жоқ, доп емес» деген жауап

алады. Тапқан оқушы келесі болып суретті таңдап, жасырады. Бұл ойында балалар сөздерді есте сақтауға тырысады және аталмаған сөздерді естеріне түсіруге, логикалық ойлауға дағдыланады.

**Кім көп біледі?**

Бұл ойын өтілген бірнеше лексикалық тақырыпты жалпы қайталау үшін жиі қолданылады. Оқушылар санына қарай бір-бірден немесе бірнеше топқа бөлініп жарысады. Суреттер кезекпен көрсетіледі, егер оқушы атаса өзі алады, атай алмаса, келесі оқушы атайды. Кім кезектен тыс атаса, өз кезегінен айырылады. Барлық суреттер аталып біткен соң, әр оқушының немесе топтың жинаған суреттерін санап, орындар беріледі.

Бұл ойында балалар топта және жеке жұмыс істей білуге, шыдамды болуға дағдыланады.

**«Мұғалім – оқушы»**

Оқушылар жұппен отырады. Өтілген тақырыпқа байланысты А4 парағына барлық суреттерді орналастырып, көбейтіп, балаларға таратып беріледі. Екі бала бір-біріне суреттерді кезекпен атап береді, артынан бір-бірін бағалайды, мұғалімге түсіндіріп береді.

Тапсырманы күрделендіруге де болады. Балалар суреттердің атауларын ғана емес, бір-бірінен олардың сандарын, түстерін сұрауларына болады. Немесе, сол заттардың бір-бірінде бар не жоғын сұрап анықтауларына болады.

**«Жол көрсет!»**

Бұл ойын жол бағдарын беруде, «Тура жүр, солға бұрыл, оңға бұрыл, тоқта» сөздерін өткен соңқолданылады.

Алдымен баланың көзін байлайтын шарф немесе



орамал және А4 қағазының бірнешеуінен жіңішке жолақтар қиып алу керек. Бір оқушыны тақтаға шақырып, көзін шарфпен байлаған соң жолақтарды еденге әр түрлі бағдарда төсеп шығады. Қалған балалар оның сол жолақтармен дұрыс жүруі үшін тапсырмаларды кезек-кезек береді, бала солардың айтуы бойынша жүреді.

Балалардың тапсырманы дұрыс беруі мен жеке оқушының оны дұрыс орындауы қадағаланады.



**Кімде не бар?**

Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топқа тақырыпқа сай заттар немесе сол заттардың кішірек суреттері беріледі. Алдын ала сол заттарды, суреттерді бір рет жалпы қайталап өту керек. Сосын әр топтың балалары екінші топқа көрсетпей заттарды, суреттерді біреуден таратып алады. Екі топ екі жақта бір-біріне қарама қарсы тұрып, суреттерді арттарына жасырады. Балалар кезекпен қарсы топтағы баланың қолындағы затты табуға тырысады. Мысалы:

Айдос: - Сашада доп бар.

Саша: - Менде доп жоқ. Айдоста текше бар.

Айдос: - Менде текше жоқ. Жаннада қуыршақ бар.

Ойын осылай жалғаса береді. Қай топтың балалары заттарды бірінші тапса, солар жеңіске жетеді.

**Құралай ҚОЖАҒАЛИЕВА,**
**№28 мектеп-лицейдің**
**қазақ тілі пәнінің мұғалімі.**
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

# КӨМЕКШІ ЕСІМДЕРДІ ПЫСЫҚТАУ – БАСТЫ ТАЛАП

**Сабақтың мақсаты:** көмекші есімдердің сөйлем ішіндегі қолданысын пысықтау. **Міндеттері: білімділік** – мәтіннің мазмұнын меңгерте отырып, қазақ отбасындағы қағидалармен таныстыру; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту; лексикалық тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілін дамыту; сауатты жазуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – салт-дәстүрді сақтауға, үлкенді сыйлауға, отбасы мүшелерін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Сабақтың барысы.**

**І.** Ұйымдастыру кезеңі. Сөйлесім.

а) Сәлемдесу;

ә) Оқушыларды сабаққа жұмылдыру;

б) Сөйлесу.

**ІІ.** Үй тапсырмасын тексеру. Айтылым.

а) «Ата айтады» өлеңін жатқа айту

ә) Көмекші есімдерді пайдаланып, 4-5 сөйлем құрау.

ІІІ. Жаңа сабақ.

1. Сөздік жұмысы. Оқылым. Айтылым. Жазылым.

а) Оқу, аудару, сөздік дәптерге жазып алу;

ә) Сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру.



Сөздік

| | |
|---|---|
| Құлағына құю | Говорить |
| Имандылық | Совестливый, честный, человечный. |
| Баулу | Воспитывать, приучать |
| Тіл алғыш | Послушный |
| Тиянақты | Собранный |
| Тыйым сөздер | Запретные слова |

Ой шақыру. Сұрақтарға жауап беріңіз. Өз ойыңызды айтыңыз.

Сұрақтар:

| | Иә | Жоқ |
|---|---|---|
| 1. Сіз «Талап» сөзінің мағынасын түсінесіз бе? | | |
| 2. Ата-анаңыз сізге талап қоя ма? | | |
| 3. «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала» деген мақалдың мағынасын білесіз бе? | | |

**2.** Мәтінмен жұмыс. Оқылым. Айтылым.

а) Мәтінді оқу, түсіндіру, т.б.

ә) Мәтінді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңдер

1. Отбасы мектебінің ұстаздары кімдер?

2. Қазақ отбасы балаларына қандай сөздерді айтып отырады?

3. Отбасынан тәрбие алған бала қандай болып шығады?

4. Ең басты міндет етіп нені қойған?

5. Отбасының берекесін сақтайтын кім?

**3-**тапсырма. Мына мақал-мәтелдердің екінші сыңарын сәйкестендіріп, мәтінге сәйкес келетінін түсіндіріңдер.

1. Әдепті бала – арлы бала, ... алдыңа сол келеді.

2. Баланды жұрт мақтаса, ... әдепсіз бала сорлы бала.

3. Атаңа не көрсетсең, ... бәрінен де сол жақсы.

4-тапсырма**.** Қазақ халқындағы тыйым сөздің анықтамасына назар аударыңдар.

Тыйым – халықтың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі. Бұл балаларды жаман әдеттен, әдепсіздіктен сақтандырады.

Мысалы: Әке тұрып, ұл сөйлеу
Қазақта әсте болмаған.
Шеше тұрып, қыз сөйлеу
Көкейіне қонбаған.

Ой шақыру**.** Ата-аналарыңыз жиі айтатын тыйым сөздерді атаңдар.

**5-**тапсырма. Мәтін бойынша үш деңгейлі тапсырманы орындаңдар.

**III деңгей.**

1. «Құлағына құйып отыру» деген тұрақты сөз тіркесінің мағынасының дұрыс нұсқасын табыңдар.

| Тұрақты сөз тіркесі | Мағынасы | Дұрыс |
|---|---|---|
| Құлағына құйып отыру | Қатты айқайлап сөйлеу.<br>Жақсылап айтып түсіндіру.<br>Зейін салып тыңдау | |

Тұрақты сөз тіркестерін еске түсіре отырып, тәрбиеге байланысты бірнеше тұрақты сөз тіркесін оқушыларға айтқызу.

Мысалы: ақылға салу ....

2. Мына сөздердің қатарын табыңдар.

| | |
|---|---|
| Қамқорлық | адамгершілік және адамгершілік ережелері |
| Береке | ең жақын бауырлас адамдар |
| Ағайын | ауызбірлік, ынтымақ |
| Тәрбиесіздік | қамқор болушылық, қамын ойлаушылық |
| Имандылық | тәрбие көрмегендік, әдепсіздік |



**II деңгей.**

1. Мәтінді пайдаланып, көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, көшіріп жазыңдар.

Отбасы мектебінің ұстаздары ..

(Әке)... ↔ ...(Шеше)

Қазақ отбасы әдепті бол / тәрбиесіздік жасама / көргенсіз болма дегенді айтады**.**

Тәрбие көрген бала тіл алғыш / ұқыпты / адал болып өседі**.**

**I деңгей.** Туысқандық атауларға сипаттама беріңдер.







Көмекші есімдерді пысықтау**.**

Берілген сөйлем ішінен көмекші есімді тауып, мағынасын түсіндіріңдер.

Отбасы ішінде түсіністік болса, ол отбасы жарасымды болады.

Көмекші есімдер:

| | | |
|---|---|---|
| Алды - перед | Арасы - между | Бойы – вдоль |
| Арты - за | Ортасы – середина | Сырты – вне, снаружи |
| Асты - под | Іші - внутри | Маңы – около, у |
| Үсті - над | Жаны – рядом, возле | Қасы – рядом |

**1-**тапсырма**.** Өлең жолдарындағы көмекші есімдерді табыңдар.

Ауыл басы – ақсақал
Теріс билік айтпаған.
... .... ....
Аға адамдар алдында
Жастар ойнап күлмеген.
Үлкендердің үстіне
Баса көктеп кірмеген.

2-тапсырма. Сурет бойынша сөйлем құраңдар.

Бекіту.

3-тапсырма. Оқушылардың шығармашылық жұмысы көрсетіледі.

Тест (мәтін бойынша).

1. Отбасы мектебінің ұстаздары кімдер?

а) мұғалім, тәрбиеші; ә) әке, шеше; б) әке, тәлімгер.

2. Әке мен шешенің баласына қоятын ең басты талап-тілегі қандай?

а) әдепті бол; ә) өзімшіл бол; б) ақылсыз бол.

3. Әдептілік қағидаларын ... құйып отырған

а) басына; ә) құлағына; б) миына.



4. Қазақ отбасындағы өз баласын қандай қасиеттерге баулыған?

а) сыпайылыққа, қатыгездікке;

ә) әдептілікке, тәрбиесіздікке;

б) мейірімділікке, имандылыққа.

5. Отбасында тәрбие алған бала қандай болады?

а) ұқыпты, адал, өзімшіл;

ә) тіл алғыш, әдепсіз, адал;

б) тіл алғыш, адал, ұқыпты.

6.Тәрбие бастауы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына нені үйреткен?

а) өздерін сыйлап- құрметтеуді;

ә) өзгелерге көңіл бөлмеуді;

б) жаман әдептерді.

7. Ата-ананың баласының алдына қойған ең басты міндеті –

а) жалқау болу; ә) халқына еңбек ету;

б) қайырымсыз болу.

8. Отбасының берекесін сақтайтын кім?

а) бала; ә) ер азамат; б) әйел.

9. Ырым-тыйымдар ненің құралы?

а) жаман әдет; ә) тәлім-тәрбие; б) әдепсіз істер.

10. Көмекші есімі бар сөйлемді табыңдар:

а) жаным көзіме көрінді;

ә) ауылдың жанында тоғай бар;

б) менің саған жаным ашиды.

Ойын – «Әдепті бала» (әдепті балаға тән қасиеттерді табу):

Сыпайы, әдепсіз, ұқыпты, қатыгез, тәрбиелі, мейірімді, ақылды, қайырымсыз.

Бағалау. Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: Сөздік; мәтінді мазмұндау; «Мен ата-анамды бақытты етемін» тақырыбына эссе жазу.

Қорытынды сөз. «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» деген екен Төле би

Ән: «Әкешім, анашым».

**Гүлсара ҚОЙШЫБАЕВА,**
**№25 жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

# ҚОРЫҚШАЛАРДА ҚАЙТАЛАНҒАН ЕСІМДІК САБАҒЫ

*(7-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың кіші отаны – Батыс Қазақстан облысы және оның табиғаты туралы түсініктерін толықтыру. **Міндеттері: білімділік** – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру; **дамытушылық** – сөздік қорларын молайту; **тәрбиелік** – оқушылардың Отанға, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін арттыру,



табиғатты сүюге және қорғауға үйрету. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топпен және жеке жұмыс. **Көрнекілігі:** кітаптар көрмесі, интерактивті тақта, компьютер, слайдтар, түрлі-түсті фотосуреттер, ҚР физикалық картасы. **Пәнаралық байланыс:** география, өзін-өзі тану, әдебиет.

**Сабақ барысы:**

**I.** Ұйымдастыру бөлімі.

**II.** Үй жұмысын тексеру.

Есімдік, оның түрлері, мысалдар келтіру, сонымен қатар есімдіктерді пайдалана отырып, «Шаттық шеңбері» арқылы сөз тіркесін, сөйлемдер құрау.

**III.** Жаңа сабақты түсіндіру.

Сабақтың тақырыбы интерактивті тақтада шығып тұрады. Сабақтың мақсаты айтылады.

- Балалар, біз өткен сабақтарда табиғат туралы, әсіресе, туған өлкеміз – БҚО табиғаты туралы көп мағлұмат алдық. Бүгін әңгімемізді жалғастыра отырып, БҚО қорықшаларымен танысып, есімдіктерді қайталаймыз. Өлкетану туралы кітап көрмесіне қысқаша шолу. БҚО табиғаты туралы музыкамен көркемдеген слайд тамашалау.

**1.** Сөздік жұмысы:

Елжандылық – патриотизм;

Ауасы шипа – целебный воздух;

Мекендейді – обитает;

Қорықша – заказник;

Кешенді – комплексный.

(Тапсырма: сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастыру).

**2.** Мәтін интерактивті тақтада, мұғалім оқиды.

Батыс Қазақстан облысының қорықшалары.

Адам бойындағы елжандылық, Отанға деген сүйіспеншілік туған өлкенің табиғатын танып-білуден басталады. Туған жердің топырағы – ыстық, суы – бал, ауасы – шипа. Әрбір талы, жүгірген аңы, сайраған құсы – бәрімізге қымбат. Осының бәрін қорғау – біздің борышымыз.

Туған жердің табиғатын сақтау үшін қорықшалар құрылады. Облысымызда республикалық дәрежеде маңызы бар 3 қорықша бар. Олар: Кирсанов мемлекеттік кешенді зоологиялық қорықшасы (1967ж), Бударин мемлекеттік зоологиялық қорықшасы (1967 ж), «Жалтыркөл» мемлекеттік зоологиялық қорықшасы (1967 ж). Аталған қорықшаларға 1992,1999 жылдары республикалық маңызы бар көрнекті дәрежедегі статус берілген. Мұнда «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер мен жануарлар мекендейді. Бұл жердің аң-құсын атуға, балығын аулауға, орманын пайдалануға болмайды.

Табиғат – ортақ үйіміз. Оны қорғау – баршаның міндеті.

**3.** Мәтінмен жұмыс.

- мәтінді мәнерлеп оқу;

- «БҚО қорықшалары» мәтіні бойынша есімдіктерден кластер құрып, дәптерге жазу;

- мәтін бойынша сұрақтар құрастыру:

1. Отанға деген сүйіспеншілік неден басталады?

2. Табиғатты сақтау үшін не құрылады?

3. Облысымызда республикалық дәрежеде неше қорық бар? Олар қандай?

4. Біздің міндетіміз қандай?



Актив студиода тапсырма: сөз тіркестерін жинақтап сөйлем құра, есімдіктерді тап. «Есімдіктер» тақырыбына перфокарта толтыру.

**IV. Бекіту.**

**V. Бағалау.**

Сабақ жерлес ақын апамыз Ақұштап Бақтыгерееваның өлең шумақтарымен аяқталады:

«Ай, күні бар Жайықтың
Ақ таңы бар арайлы.
Айдыны бар Жайықтың
Әлдилеген талайды.
Даласы бар Жайықтың
Алуан түрлі гүл өскен.
Жалғасы бар Жайықтың
Ғасырлармен тілдескен».

**VI. Үйге тапсырма:** мәтіннің мазмұнын айту; есімдіктің түрлеріне сөйлемдер құрастыру.

**Гүлнұр БАЙМАХАНОВА,**
**№250 мектеп-лицейінің қазақ тілі**
**мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**
Қызылорда облысы,
Қармақшы ауданы.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РӘМІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ЖАҢА СӨЗДЕР

*(9-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** Қазақстан Республикасының рәміздері туралы түсінік беру. **Міндеттері:**

**білімділік** – жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру; **дамытушылық** – оқушының есте сақтауын дамыту, өз ойын дұрыс жеткізуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – Елтаңба, Әнұран және Туды құрметтеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** СТО әдісі, сұрақ-жауап әдісі. **Құрал-жабдықтар:** интербелсенді тақта, слайдтар, бағалау парақшалары, плакаттар, түрлі-түсті қағаздар. **Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет. **Күтілетін нәтиже:** оқушылар Қазақстан Республикасының рәміздерінің өзіндік орынын біліп, шығу тарихын есте сақтайды. Егемендік пен еркіндіктің белгісі екенін ұғынады. Жаңа сөздерді меңгеру арқылы сөз байлықтарын толықтырады.

**Сабақ барысы.**

**І) Кіріспе.**

Ұйымдастыру:

1) - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Біз барлығымыз осы өмірде жетістікке жетуді қалаймыз. Сендердің түсініктеріңіз бойынша, жетістік дегеніміз не және оған қалай жетуге болады екен? осы сұраққа жауап беру үшін мен сендерге барлық бөгеттерден өтіп, «Жетістік» мемлекетінде болуды ұсынамын. Барлықтарың бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, көздеріңді жабыңдар. Біз бәріміз «Жетістік» деген құпия қаласында боламыз, біз, бәріміз – осы қаланың тұрғындарымыз (Ән ойналады, қатысушылардың пікірлері).

2) «Молекула.Атом» ойыны арқылы оқушыларды 5 оқушыдан екі топқа бөлу.

3) Үй тапсырмасын тексеру.



Алтын балыққа арналған аквариум әдісімен үй жұмысын тексеру. Оқушыны ортаға шығарып үй тапсырмасы бойынша сұрақтар қойылады. Түсініктеме беруді талап етеді.

Сұраққа жауап берген оқушыны бағдаршаммен бағалайды.

**ІІ) Тұсаукесер.**

Шатасқан суреттер арқылы суреттерді бір мағыналы сарынға іріктеу керек. Артық суретті атап, алып тастауы тиіс.

- Балалар, бүгінгі біздің сабақтың тақырыбы қалай аталады деп ойлайсыңдар?

- Қазақстан Республикасының рәміздері туралы.

- Балалар, жаңа сабағымызды Мемлекеттік Әнұранмен бастайық.

Әнұран айтылады.

**ІІІ. Негізгі бөлім.**

1. Ой қозғау.

- Әнұранды орындағанда қандай сезімде боласыңдар?

Оқушылардың ойы.

2. ББҮ әдісімен топтық жұмыс жасау. Оқушылар білемін және білгім келеді бағанын ғана толтырады. Топтың бір мүшесі жауабын оқып береді.

3. Мәтінмен жұмыс. Оқушылар топтасып, мәтінді оқып, негізгі ойды білдіретін сөздерді, жаңа мәліметтерді жинақтап, постерге түсіреді, топ мүшесі қорғайды. Топтар бір-бірін «Екі жұлдыз, бір тілек арқылы» бағалайды.

4. Мемлекеттік тудың және елтаңбаның суреттері көрсетіледі. Әр топқа тапсырма беріледі. Топ бірлесе

отырып тапсырманы орындайды, қорғайды.

І топ тапсырмасы: Мемлекеттік тудың белгілері нені білдіреді? Ту туралы не білесіңдер?

ІІ топ тапсырмасы: Мемлекеттік елтаңбада нелер белгіленген? Олар нені білдіреді? Елтаңба туралы не білесіңдер?

Оқушылар тапсырманы орындап жатқан кезде «Көк тудың желбірегені» әні орындалып тұрады.

5. Оқушыларға қызыл және сары түсті қима қағаздар өз білім деңгейіне қарай таратылады. Қызыл – дарынды оқушылар тапсырмасы, сарылар – орта білімді оқушылар тапсырмасы.

Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талдаңдар.

Қабылданды\ мемлекеттік\ 2006\ әнұран\ қаңтарда\ 6\ жылы.

2006 жылы 6 қаңтарда мемлекеттік әнұран қабылданды.

Әнінің\ жазылды\ «Менің Қазақстаным»\ негізінде\ әнұран\ жаңа.

Сөйлемдерді дұрыс құрастырып, сөйлем мүшесіне талдау жасаңдар.

Жаңа әнұран «Менің Қазақстаным» әнінің негізінде жазылды.

Біркелкі\ көгілдір\ тудың\ бейбітшіліктің\ пен\ болашақтың \жарқын\ тыныштықтың\ түсі\ белгісі.

Тудың біркелкі көгілдір түсі бейбітшіліктің, тыныштық пен жарқын болашақтың белгісі.

**6.** Сергіту сәті. Бес сұрақ.

Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады.



Қатысушы сыныпқа 5 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі. Басбармақпен бағаланады.

**IV. Қорытынды.**

1. Әліпби тәртібімен әріптерді пайдалана отырып, қатысушылар алға шығулары керек және кезек-кезекпен берілген тапсырма бойынша негізгі сөздерді дауыстап айтады.

А-алтын күн.

Ә-әнұран.

Б-бейбітшілік.

Г-гүлдену.

Д-даңқымыз.

Е-егемендік.

Ж-жарасқан.

2. ББҮ әдісінің «үйрендім» бағанына топ болып жауап береді.

3. Топтастыру арқылы жаңа сабаққа түйін жасайды.




Рефлексия:

| | |
|---|---|
| Сабақта не ұнады? | |
| Не қиын болды? | |
| Тілегім | |

**Үй тапсырмасын беру:** 11-тапсырма. 17-бет. Қазақстан Республикасының рәміздері туралы мәлімет жинау.

**Бақшагүл САҒЫНДЫҚОВА,**
**Алматы қаласындағы**
**№105 О.Жандосов атындағы гимназияның**
**қазақ тілі пәнінің мұғалімі.**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

**Сабақтың мақсаты:** «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» тақырыбы бойынша алған білімдерін бекіту. **Міндеттері: білімділік** – ол туралы өз ойларын кеңінен айта білуге дағдыландыру. Грамматикалық тақырып бойынша (сан есім, фразеологизм) білімдерін қайталау; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, сөздік қорын, ауызекі сөйлеу дағдысын, танымдық қабілетін дамыту. Грамматикалық тапсырмаларды сауатты орындай білуге қалыптастыру; **тәрбиелік** – мемлекеттік тілді құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, тыңдалым, айтылым, жазылым, сұхбат, сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік әдіс. **Түрі:** сайыс сабақ, топтық жұмыс, ойын. **Көрнекілігі:** слайдтар, үнтаспадағы әуен, кеспелер, плакат, бағалау қағазы, фишкалар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, ән сабағы.



Сабақтың барысы:

**ІІ. Ұйымдастыру кезеңі:**

1. Оқушылармен амандасу.
2. Оқушыларды түгелдеу.
3. Психологиялық сәт.

- Балалар, бүгінгі біздің сабағымыз «Қазақ тілі-мемлекеттік тіл» модулін бекіту сабағы.

4. Сабағымыздың мақсаты – өткенді тиянақтап-жинақтау сайыс сабағы (Топқа бөлу).

Оқушылар:

1) өзінің ана тілін айтады;
2) бір-біріне тілек тілейді;
3) қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін білдіреді.

- Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше болмақ,сондықтан сабаққа белсенді жұмыла қатысуларыңды сұраймын. Сендерге сәттілік тілеймін!

**ІІІ. Жаңа сабақ.**

Мұғалім:

- Қазақ тілім – өз ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.
Қадірлейді ұл-қызың мәңгі сені,
Болашағым, бақытым, дара тілім,- деп қазақ тілі сабағымызды бастайық.

Қызығушылық ояту.

- Балалар, алдымен жұмбақ шешейік!

Бүгін менің сендерге алып келген бір жұмбағым бар.

Дүниеде ең ащы не?
Дүниеде ең тәтті не? (тіл).

Тіл қоғамда қаншалықты қажет?

1) сөйлеу, қарым-қатынас, әдебиет, мәдениет, т.б. қажет.

- Дұрыс айтасыңдар. Ендеше, сабағымыздың тақырыбы: «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл».

Ассоциация.

Әр топ плакатқа орындайды. «Тіл» сөзіне ассоциация болатын сөздерді табу.

«Тіл дегеніміз не?» деген сұраққа жауап іздеп көрейік.




- Балалар, тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталады. Тілді білу – халықты, тарихты сыйлау. Тіл – ұлттың, халықтың жаны. Тілді құрметтей білу керек.

**IV.** Айтылым, тыңдалым әрекеттері. Сыр сандығымыздағы тіл байлығымыз туралы әңгімелеп көрейік.

**1**. Әр топ тақтадағы берілген жұмыс түрлерінен таңдайды.



I. «Алғырлар» тобы.

II. «Тапқырлар» тобы.

III. «Білгірлер» тобы.

I топ “Мемлекеттік тіл” тақырыбына диалог құрастырады.

II топ “Мемлекеттік тіл” тақырыбы бойынша ойтолғау жазады.

III топ берілген сөйлемдердің мағынасына қарай орындарын ауыстырып, мәтін құрастырып жазады.

Дайындыққа 3 минут, жауап беруге 5 минут уақыт беріледі.

- Балалар, жазған жұмыстарыңнан сан есімдерді табыңдар.

**2. «Ойқозғау».**

- Балалар, өткен сабақта қандай грамматикалық тақырыптарды өттік? (сан есім, осы шақ, т.б.)

- Ендеше, сендердің білімдеріңді тексеру үшін ойын ойнаймыз. «Даналық ағашы».

Оқушылар даналық ағашынан алмаларды алып,сұрақтарға жауап береді.

1. Осы шақ. 2. Ауыспалы осы шақ. 3. Сан есім. 4. Реттік сан есім. 5. Есептік сан есім. 6. Жинақтық сан есім. 7. Болжалдық сан есім. 8. Топтау сан есім. 9. Бөлшектік сан есім. 10. Фразеологизм. 11. Нақ осы шақ.

- Жарайсыңдар, балалар! Міне, біз алдыңғы тақырып бойынша білімдеріңді тексердік. Топ басшылары жауап берген оқушыларды бағалайды.

**3.** Жазылым, сөйлесім әрекеттері.

Келесі кезеңде грамматикалық тапсырмалармен жұмыс орындаймыз.

I. «Алғырлар» тобы.

II. «Тапқырлар» тобы.

III. «Білгірлер» тобы.

**2-тапсырма**. Сан есімдерге сипаттама беріңдер.

1) 1989 жылы 22 қыркүйекте «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңы қабылданды. 2) «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңы 1997 жылы 11 шілдеде екінші рет қабылданды. 3) «Тіл туралы» Заңда 27 бап қамтылған,ол алты тараудан тұрады.

**3-тапсырма**. Сан есімнің түрлерін анықтаңдар.

1) Бәрімізге 1-2 кітаптан сыйға тартқан еді. 2) Қазақ тілін жақсы білген біз екеуіміз едік. 3) Бірінші сыныпқа барғанда мен жеті жаста едім.

**6-тапсырма**. Сан есімді тауып,мағыналық түрін анықтау.

«Ең бірінші бақытым – халқым менің,
ал екінші бақытым – тілім менің.
Бақытым бар үшінші – Отан деген,
«Кім мықты?» десе біреу, Отан дер ем».

М.Шаханов.

Дайындыққа 5 минут, жауап беруге 5 минут уақыт беріледі.

**4. Поэзия сәті.** Оқылым әрекеті.

- Ал, енді, бір сергіп алайық.

- Балалар, Тіл туралы өлеңдер жаттап келіңдер,- деп мен сендерге үйге тапсырма бергенмін. Әр топтың өлеңдерін тыңдайық. Өлеңді мәнеріне келтіріп оқу (5 минут).

**5. «Мақал-мәтел –** сөз мәйегі» Айтылым әрекеті.

Қазақ халқы сөз өнерін аса жоғары бағалаған.



«Сөздің көркі – мақал» дей отырып, қай топтың оқушысы көп мақал біледі, байқап көрейік.

Әр топтан бір оқушы шығып мақал айтады.

- Өте тамаша. Шешендік өнерлеріңді жақсы көрсеттіңдер.

**6.**1. Фразеологиялық тұрақты сөз тіркесімен алмастыр.

Батыр, үндемеу, шебер, момын, жуас.

2. Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын аш.

*1. Төбе шашы тік тұру*

А) үндемеу; ә) қорқу, шошу.

*2. Сегіз қырлы, бір сырлы*

А) жан-жақты; ә)жақын.

*3. Қуанышы қойнына сыймау*

А) ұялу; ә) қатты қуану.

3. Сөйлемді тұрақты сөз тіркестерімен толықтыр.

1. Бүгін Әсет ...........

А) жұмған ауызын ашпады; Ә) ит жанды.

2. Әсел тапсырманы ........... орындады.

А) таяқ тастам; ә) көзді ашып-жұмғанша.

3. Айлакер түлкі қасқырды ...........

А) мұзға отырғызып кетті;

ә) қой ауызынан шөп алмас.

(5 минут)

**7.** Қорытынды.Даналардан шыққан ой.

- Балалар! Сегіз қырлы, бір сырлы екенсіңдер.

Тіл білу – өнер. Тіл туралы қандай нақыл сөздер білесіңдер?

1. Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,-

Өз тіліңді құрметте! (Қадыр Мырза Әли).

Қазақ тілі – әрі бай, әрі көркем тіл (Мұхтар Әуезов).

Қазақ тілі – сұлу, қонымды да толымды тіл (В.В.Радлов).

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде (Н.Назарбаев).

ҚР-ның Ата Заңында белгіленген өз мемлекеттік тілі бар. Ол – әрине, қазақ тілі. Сондықтан да ҚР-ның әр азаматының парызы – тілді білу, құрметтеу.

**8.** Рефлексия. Алдарыңыздағы алманың суретіне өз көңіл-күйлеріңізді бейнелеңіздер.

**9.** Бағалау. Оқытушының қорытынды сөзі: - Біз бүгінгі сабағымызда тіл туралы көп мәлімет алдық. Енді сабақ бойына алған ұпай есептеледі.

Бағалау парағы бойынша жеңімпаз топ анықталады.

Оқушылар бағаланады.

**Гүлназ ШҮЙІНШИНА,**
**«Комсомол» орта мектебінің мұғалімі.**
Ақтөбе облысы,
Әйтеке би ауданы,
Комсомол ауылы.

## ОҚУШЫЛАР ТІЛІН ДАМЫТҚАН ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ

*(10-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** балалардың тілін дамытуға айтарлықтай үлес қосқан тұңғыш президенттің



атқарған қызметтері жөнінде кеңінен түсінік беру, сауаттылықтың мән-маңызын ұғындыру. **Міндеттері: білімділік** – ғалым, Қазақстан Ғылым Академиясыны академигі, тұңғыш президенті Қ.И.Сәтбаевтың еліне сіңірген еңбегінің сан алуан екеніне тоқталып, орнықты көзқарасы қалыптасуына күш салу; **дамытушылық** – ауызша, жазбаша тілдерін дамыту, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін, шығармашылық қабілетін арттыру. Топпен шығармашылық жұмыс істеуге үйрету; **тәрбиелілік** – Қ.Сәтбаевтың өнегелі өмірін, еңбегін үлгі ете отырып, оқушыларды туған халқы үшін аянбай еңбек етуге, елін сүюге баулу, елінің адал перзенті болуға тәрбиелеу. **Түрі**: жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілдері**: сұрақ-жауап, ойын,сөзжұмбақты шешкізу.

**Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылардың сабаққа деген зейінін аудару.

**Психологиялық дайындық:**

Маған бақыт – сабақ өту сіздерге,
Көріп тұрмын, қуаныш бар жүздерде!
Балалықтың бал дәурені шат күліп,
Бәрімізге болсын серік сәттілік!

**Үй тапсырмасын тексеру**. «Таза бұлақ» мәтіні (рөлдік ойын).

Өтілген материалды пысықтау арқылы жаңа материалмен байланыстыра отырып жаңа сабақты ашамыз. Сөзжұмбақты шешеміз.

1) Киіз үйдің ағаш элементтерінің бірі.

2) Отырар қаласында туған, өзі ғалым, философты ата.

3) Шаңырақты жабатын киіздің түрі.

4) Іле өзені қай облыста орналасқан?

5) Ірі ғалым, саяхатшы, суретші, тарихшы, кемеңгер ойшыл, от жалынды азаматтың аты?

6) Жұлдыздың атауы.

7) Зере Абай ақынның кімі?

8) Әл Фараби Иранның хан сарайында болып, қай қалаға жол тартты?

9) Абай Құнанбайұлының шын аты кім?

10) Қазақ үйінің ең таңдаулысы қалай аталады?

11) «Ақымақ» әңгімесінде Сапарбайдың әкесінің аты кім?

12) «Абай жолы» романын жазған жазушының аты-жөнін ата.

Ойқозғау. Сөзжұмбақта қандай азаматтың аты-жөні шықты. Қаныш Сәтбаев.

**Жаңа сабақ.** Презентация.Слайдтар көрсетіледі.

*Қаныш – аяулы ғалымдығымен бірге ол халықтың сүйген ұлы, бар өмірін, білімін ел игілігі үшін сарп еткен кісі. Сондықтан оның әдемі жарқын бейнесі біздің жас ұрпақтар үшін аса қадірлі, аса қымбат.*

***Ә.Марғұлан.***

*Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – қазақ халқының Шоқан, Ыбырай, Абайлар арқылы айтылған өткен кезеңдегі арман ойының кеңестік дәуірде жүзеге асуына ерлік ісімен үлес қосқан адам. Қаныш Сәтбаев өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің, ғылымының өркендеп өсуіне арнап, осы жолда аса тамаша тарихи мәні бар істер жасады. Ахмет Байтұрсынұлы «Адам нағыз Отан сүйгіш патриот болып қалыптасу үшін үш нәрсе керек дейді: білім, тәрбие, мәдениет». Осы айтылғандарға «тектілігін» қосатын болсақ, Қаныш Сәтбаев тұлғасы барлық қырынан көрінер еді.*

*Қаныш өзінің барлық саналы өмірін қазақ халқының ғылымы мен мәдениетінің өркендеп өсуіне арнап, осы жолда аса тамаша тарихи мәні бар істер жасады.* ***М.Ғабдуллин.***

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым Академиясының ұйымдастырушысы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, Қазақстандық әдіснама мектебінің негізін қалаушы. Қаныш – жан-жақты ғалым. Ол 4 мәрте «Ленин орденімен», екінші дәрежелі «Отан соғыс орденімен», тағы көптеген медальдармен наградталды, бір жаңа минерал Қ.И. Сәтбаевтың есімімен аталды.

**Еңбек жылдары**

***1909-1911 жылдар*** *– туған ауылындағы орыс-қазақ мектебінде оқиды.*

***1918 жыл*** *– Семей қаласындағы оқытушылар семинариясын бітіреді.*

***Бірер жыл*** *– Семей қаласында, өз ауылында мұғалімдік қызмет атқарады.*

***1920-1921 жылдар*** *– Баянауыл ауылындағы мұғалімдік қызмет атқарады.*

***1921 жыл*** *– Томск технология институтының кен факультетінің геология-барлау бөліміне оқуға түседі.*

***1920-1941 жылдар** – Атбасар, Қарсақбай трестерінде геологиялық бөлімінің жетекшісі және бас геолог болды.*

***1941 жыл** – КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалының орынбасары болып сайланды.*

***1943 жыл** – Филиалдың төрағасы қызметін атқарады.*

*- Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі.*

***1946 жыл** – Академик болып сайланды.*

***1941-1964 жылдар** – Өзі негізін қалаған Ұлттық Ғылым Академиясында үздіксіз жетекшілік етті.*

***1964 жылы 31 қаңтар** – Москваның Кузнецова деген орманды аймағында орналасқан Кремль ауруханасында қайтыс болды.*

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі еліміздің ең таңдаулы геологтарының алдыңғы легінде аталады, ол – геология ғылымының аса көрнекті ғұламаларының бірі. Геология ғылымының дамуына оның қосқан үлесі орасан зор. Академик М.В.Келдыштың «Өнегелі өмір» сериясымен шығып отырған бұл кітабы – аса көрнекті совет ғалымы, мемлекет қайраткері, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, СССР, Қазақ және Тәжік ССР Ғылым Академияларының мүшесі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмір жолын жан-жақты баяндайтын деректі ғұмырнама. Туған елінің көгіне таң жұлдызындай жарқырап шығып, өшпес сәуле шашқан, артында өлмес ұлы істер қалдырған ардақты азамат, зор ғұламаның өмірі жастарға әрқашан өнеге болмақ.

*«Жеріміздің үсті де, асты да бай. Менің геолог ретінде борышым-жер астындағы қазбаны зерттеп табу, оның қорын анықтау. Ал ғалым ретіндегі міндетім - кен байлықтарын халықтың игілігіне жарату».* ***Қ.И.Сәтбаев.***

Ұлы тұлға Қ.И.Сәтбаевтың есімі халқының жанында мәңгі сақталмақ, оның есімі өзі ұзақ жылдар жетекшілік еткен ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының геологиялық ғылымдар институтына, Қазақстан қалаларының көшелеріне, мектептерге берілген.

*Қазақ Ғылым Академиясындағы президенттік қасиеттерінің ең зоры – ол аса талантты және қажырлы, еңбекке төзімді ұйымдастырушы.*

***Мұхтар Әуезов.***

**Топпен жұмыс.** 1-ғалымдар. 2-зерттеушілер. 3-ағартушылар. Көшбасшы, уақыт белгілеуші (таймер), хатшы, бағалаушы.

1. - Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірі, еңбектері, естеліктерін тірек-сызба арқылы қорғау.

**Өмірі:** Қаныш Сәтбаев 11 сәуір 1899 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. Кішкентай Қаныш геология ғылымы жайлы алғашқы рет өз ауылына келген Михаил Усовтан біліп, содан бастап геологияға қызығушылығы артып, 1921 жылы ол Томск қаласындағы технология институтына түсіп, 1926 жылы аяқтап, жас инженер болып ауылына келеді.

**Еңбектері:**

Ол Ұлытау – Жезқазған руда кендерін тапты. Өзінің басшылығымен Қазақстанның табиғи байлығын зерттейтін геология зерттеу институтын ашты. 1944 жылы Тұңғыш Қазақстан Ғылым Академиясын

құрды. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше.

640-тан астам ғылыми жұмыстардың авторы.

**Естеліктер:**

- Қарағанды облысында Сәтбаев атындағы қала бар;

- Астроном Н.С.Черных ашқан кіші планетасын Сәтбаевтың атымен атаған.

- Қаратаудағы ванадий кенінің рудасынан табылған бір минерал (сәтбаевит) оның атымен аталады **$6Al(OH)_3 \times 3v(O_2OH) \times 2v\{O(OH)_2\}$**.

- Екібастұздағы инженерлік-техникалық институт Қ.Сәтбаев атында.

- Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық техникалық университет Қ.Сәтбаевтың атында.

- Сондай-ақ Қазақстанның көптеген қалаларында мектептер мен көшелерге аты берілген.

- Қ.И.Сәтбаевтың 100 жылдығына арнап Ұлттық банк 20 теңгелікке Қ.Сәтбаевтың бейнесін қойған.

- 2008 жылы Томск қаласында Қ.Сәтбаевқа арналған ескерткіш орнатылған.

2. Оқулықпен жұмыс.

3. Мәтін аудару. 5-9-10-тапсырмалар орындау.

**Жұппен жұмыс /Әр оқушы өз ойын айтады/:**

1. Ғалым болу үшін не керек?

2. Қаныш аға адамда қандай қасиеттер болу керек дейді?

**Сөздікпен жұмыс** /түсіндірме сөздікті қолдану/:

**1**. Атаққұмар – мансапқор, баққұмар.



**2.** Атақты – атағы елге жайылған, аты шулы.

**3**. Аталы – текті, өнегелі.

**Жаңа сабақты қорытындылау**.

- Сызба бойынша қорыту. Қаныш Сәтбаев туралы не түйдік?

- Қане,балалар! Біз бүгінгі сабақта не өттік?

Не білдім? Не білгім келеді? Не үйрендім?

Сабаққа жақсы қатысқан балаларды бағалау.

**Үйге тапсырма:** «Қазақстанның белгілі ғалымы Қ.Сәтбаев –академик» атты мәтінді оқып,өз ойларын әңгімелеу.

**Шолпан ҚАНАТҚЫЗЫ,**
**Алматы қаласындағы**
**№ 34 гимназияның**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**

# ОТБАСЫНДАҒЫ ТІЛДІК САБАҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛЕР

*(5-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** «Отбасы» тақырыбы бойынша білімдерін бекіту. **Міндеттері: білімділік** – оқушылардың сабақ барысында жұмыстарын ұйымдастыру, жұмыстарын талдай білу; **дамытушылық** – сурет, жеке тапсырмалар бойынша алған білімдеріне қорытынды жасау, монолог, диалог, бойынша жұмыс жасау, үш деңгейлік тапсырмаларды

орындау, қабілеттерін байқау; **тәрбиелік** – үлкендерді сыйлау, кішіге қамкор болуға тәрбиелеу. **Түрі:** аралас сабақ. **Көрнекілігі:** суреттер, үлестірмелі кәртішкелер, интерактивтік тақта. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, ағылшын тілі.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылармен сәлемдесу.

Мұғалім сабақтың барысын, мақсаты мен міндеттерін айтып өтеді.

- Балалар, бүгінгі тақырыбымыз – «Отбасындағы тілдік сабақ және дәстүрлер». Бүгінгі сабақ та 3 тілде өтеді: қазақ, орыс, ағылшын тілінде. Мына сөздер ағылшын тілінде қалай болады? Отбасындағы дәстүрлер (.... .....)

**II. Деңгейлік тапсырмалар.**

**III деңгей.**

1. «Отбасындағы дәстүрлер» мәтінін оқып, орыс тіліне аударыңдар.

2. Үндестік заңы туралы орысша айтып беріңдер.

**II деңгей.**

Өз отбасың туралы айтып бер.

Үндестік заңы туралы қазақша айтып бер.

**I деңгей.**

«Отбасы» тақырыбына диалог құрастырыңдар.

Үндестік заңы басқа тілдерде бар ма? Зерттеу жасаңдар.

**III. Ережені қайталау. Үндестік заңы.**

Интерактивтік тақтада сызбалар бар. Сол сызбалар бойынша оқушылар ережені айтып шығады.



Мысалы: а)Ана-лар, ата-лар, қарындас-тар**.**

Сөздің соңғы буыны жуан болса, оған жуан қосымша жалғанады.

ә) Әке-лер, әже-лер, іні-лер**.**

Сөздің соңғы буыны жіңішке болса, оған жіңішке қосымша жалғанады.

б) Ата, отбасы, әке, сіңлі**.** Қазақ тілінің сөздері не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болады.

**IV. Жаңа тақырып тақтаға жазылады.** Отбасындағы дәстүрлер.

**V. Көру диктанты.**

Интерактивті тақтада отбасы мүшелерінің суреттері. Суреттерге қарап, сөздерді дәптерге жазады (қазақша), ал ағылшын, орыс тілінде ауызша айтады. Мысалы: ата, сіңлі, әже, әпке, іні, аға, қарындас, әке, шеше, отбасы

Дәптерлерін алмастырып, бір-бірін тексереді. Бағалайды. Сосын ауызша тізбекпен сөздерді орыс тілінде, ағылшын тілінде айтып береді.

Жауап үлгісі: Ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, іні, қарындас, сіңлі.

Бағалау парағы**:** 0 – «5», 1-2 – «4», 3-4 – «3».

**VI. «Отбасындағы дәстүрлер» деген мәтінмен жұмыс жүргізу:**

1. Мәтінді электронды оқулықта тыңдау.

2. Оқушылар тізбекпен оқиды.

3. Сөздердің аудармасын айту: дәстүрлер – традиции, құрмет көрсету – уважать, қамқор болу – заботиться, пісіру – готовить, варить, көмектесу – помогать, қарсы алу – встречать, өткізу – проводить, көңілді – весело.

**VII. «Мені түсін» оқыта-үйрету ойынын жүргізу.**

Оқушылар мәтіннің бөлігін оқиды, түйінді сөздерін дәптерлеріне жазып алады.

Мұғалім оқушылардың кітаптарын жабуын сұрайды, қолдарына парақ пен қарындаш алып, осы мәтіннің негізгі ойын білдіретін 6 сөз жазуларын талап етеді.

Соңынан мұғалім парақтарды жинап алып, өзі алдын ала даярлаған түйінді сөздермен жұмыс істеуін қадағалайды.

Кімнің түпнұсқамен сәйкес келген сөздері көп болса, сол жеңімпаз деп танылады.

Түйінді сөздер: тату, дәстүрлер, бірге, әжем, дастарқан, көңілді.

**VIII. «Өз жартыңды тап» оқыта-үйрету ойынын жүргізу.** Мұғалім жұп кәртішкелер дайындайды, біреуінде – сұрақтар, екіншісінде – жауаптарға арналған тірек кестелер. Бір сұрақ пен оның жауабына арналған кәртішкелердің түсі бірдей болады. Оқушылар кез келген түсті кәртішкені (әрқайсысы – біреуін) таңдайды. Содан кейін түсі бойынша өзіне серігін іздеп, бірге отырып, жұмыс істейді.

1. What is your name? My name is ..

2. Сенің отбасың қандай? - Менің отбасым өте тату.

3. Have you got a family? Yes, I have

4. Отбасыңда не көп? - Менің отбасымда жақсы дәстүрлер көп.

5. Отбасың Наурыз мерекесін қалай қарсы алады?

- Менің отбасым мерекені көңілді өткізеді. Әжем наурыз көже пісіреді. Біз дастарқан жаюға көмектесеміз.



**IX. «Мәтін бөліктері» оқыта-үйрету ойынын жүргізу.**

Оқушылар мәтінді оқиды. Оқушылар 3 топқа бөлінеді.

1 топ – «Кіріспе»;

2-топ – «Негізгі ой»;

3-топ - «Қорытынды».

Мәтін бөліктерін әңгімелеуді ретімен бастайды. Жеңімпаздарды анықтау.

**X. «Отбасындағы дәстүрлер» мәтінінің мазмұнын айту:**

1-оқушы – қазақ тілінде;

2-оқушы ағылшын тілінде;

3-оқушы орыс тілінде.

**XI. Үй жұмысы.** Деңгейлік тапсырмаларды орындау. Әр оқушы деңгейлік тапсырмаларды таңдап, орындап келеді. 4-тапсырма, 21-бет.

**XII. Сабақты қорытындылау. Бағалау.**

- Балалар, әр адамның өз отбасы бар. Ата-анасы бар адам – бақытты адам. Ата-аналарыңды сыйлаңдар, құрметтеңдер.

- Біз бүгін үш тілде сөйледік. Тілдерді жақсы білу керек. Ол – сендердің болашақтарың. Бүгін бәрің жақсы жұмыс істедіңдер. Бәріңе «өте жақсы» деген баға қоямын, топтар да жақсы жұмыс істеді. Оларға да «өте жақсы» деген баға қоямын.

**XIII. Рефлексия.**

- Балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз да, жақсы сөздер айтамыз.

- Бұл – менің отбасым.

Менің отбасым – тату.
Аталар,
Әжелер,
Ағалар,
Әпкелер,
Апалар,
Балалар –
Әр үйде
Бар олар.
Мен отбасымды жақсы көремін (Бәріміз бірге).
- Балалар, осымен сабақ аяқталды. Сау болыңдар!

**Бақыт ЖҰМАШЕВА,**
**Алматы қаласындағы**
**№78 мектеп-гимназияның**
**мұғалімі.**

# АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ – ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыру. **Міндеттері: білімділік** – тақырып бойынша түсінгендерін өз сөздерімен айтқыза білу; **дамытушылық** – оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, сөздік қорын байыту; **тәрбиелік –** адамгершілікке, патриоттыққа, қоршаған ортаны қорғауға, аялауға тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру. **Түрі:** жаңа



сабақ. **Көрнекілігі:** «Жыл мезгілдерінің» суреттері, үлестірмелі қима қағаздар, сызбалар, интерактивті тақта.

**Сабақтың барысы:**

**І. Ұйымдастыру кезеңі сәлемдесу:**

- Бүгін кім кезекші?
- Топта неше оқушы бар?
- Бүгін кім жоқ?
- Бүгін айдың нешесі, қай күн?

**ІІ. Үй тапсырмасын тексеру:**

**-** Үйге не тапсырма берілді? - Өткенді қайталау.

- Жақсы, олай болса, өткен сабақтарды қайталайық.

Қандай тақырыптарды өттік?

- «Дыбыстар», «Біздің мектеп», «Менің отбасым», «Өзім туралы», т.б.

- Ал, ондай болса сұрақтарға жауап берейік.

Дыбыстар нешеге бөлінеді?

- Дыбыстар екіге бөлінеді: дауысты, дауыссыз.

Дауысты: жуан, жіңішке.

Дауыссыз: қатаң, үяң, үнді.

- Балалар, мен сендерді 3 топқа бөлейін: «Алма», «Алмұрт», «Шие».

Әр топтан 3 оқушы шығады.

І топ – мектеп, ІІ топ – ұстаз, ІІІ топ оқушы сөздерін тақтаға жазып, фонетикалық талдау жасайды.

Оқушылар талдау жасағанша, басқа оқушылар ауызша сұрақтарға жауап береді:

1. Синоним дегеніміз не? Мысал келтір.
2. Омоним дегеніміз не? Мысал келтір.
3. Антоним дегеніміз не? Мысал келтір.

Әр топтан оқушылар кезекпен жауап береді.

Енді тақтаға назар аударайық. Әр топ мүшелері тақтадағы сөздерді тексереді.

3 топтан топ жетекшілері шығады (қазақ үйдің ішінен тақырып жазылған кәртішке алады).

1-топ – «Өзім туралы», 2-топ – «Менің отбасым», 3-топ – «Біздің мектеп» тақырыптары бойынша әңгіме құрастырады.

**ІІІ. Жаңа сабақ.**

Сабақтың тақырыбын, мақсатын айту, түсіндіру.

1. Сөздікпен жұмыс **(тыңдалым, оқылым, жазылым):**

*ауа райы – погода;*

*бүгін – сегодня;*

*кеше – вчера;*

*ертең – завтра;*

*салқын – прохладный;*

*мезгіл – сезон, время;*

*жылы жаққа – в теплые края;*

*жаңбыр – дождь;*

*жел – ветер;*

*қатты – сильный;*

*ертең жылы болады – завтра будет тепло.*

**Атқаратын жұмыстар:** а) жаңа сөздермен сөз тіркестерін құру; ә) сөз тіркестерінен сөйлем құрау; б) жаңа сөздерді дәптерлеріне жазу.

2. Сызба бойынша тақырыпты түсіндіру. Айтылым. Сұрақтарға жауап беру.

- Бір жылда қанша мезгіл бар?

- Қазір жылдың қай мезгілі? Балалар, енді мына сызбаға назар аударайық.






3. Мәтінмен жұмыс.

Үш топқа мәтін таратылады. Оқылым. Әр топтан оқушылар оқиды, аударады.

4. Сурет бойынша әңгіме құру:

І топ – Күз;

ІІ топ – Қыс;

ІІІ топ – Көктем (жыл мезгілдерінің суреттері таратылады).

5. Жазылым. Грамматикалық жаттығулар орындау. Тақтаға сөздер ілінеді.

а) Берілген сөздерден сөйлемдер құру: 1. Өте, салқын, кеше, болды.

2. Қандай, бүгін, ауа райы.

3. Ертен, болады, күн, тамаша.

4. Қандай, күн, тамаша.

5. Соқты, жел, кеше, қатты.

ә) Әр топтан бір оқушы шығып, жауабын жазады.

Бұл қай мезгілде болады?

Жеміс
Алма
Алмұрт **ағаштары гүлдейді**
Шие

**Күн** салқындайды
бұлттанады
қысқарады
суға шомылады

**Балалар** доп ойнайды
балық аулайды
гүл тереді

**Адамдар** жылы киінеді
от жағады
ағаш тасиды

**IV. Сабақты қорытындылау.**

**4.1. Сабақты бекіту.** Оқылым. Сөйлесім.

Бір жылда қанша мезгіл бар? Қыс мезгілінің айларын атаңдар. Көктем мезгілінің айларын атаңдар. Жаз мезгілінің айларын атаңдар. Күз мезгілінің айларын атаңдар. Қыста ауа райы қандай болады? Көктемде ауа райы қандай болады? Жазда ауа райы қандай болады? Күзде ауа райы қандай болады?

**4.2. Сөзжұмбақ шешу.**

**4.3. Үйге тапсырма беру:** мәтінді оқып, мазмұнын айту; жаңа сөздерді жаттау.

**4.4. Оқушылардың білімін бағалау.**



**Салтанат ИСҚАНОВА,**
**Құмаш Нұрғалиев атындағы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**
Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы,
«Боран» ауылы.

# ОДАҒАЙ СӨЗДЕР СЫРЫ – ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДЕ

*(8-сынып)*

**Оқушы нені білуі тиіс:** «Тарих» тақырыбына байланысты жаңа сөздер мен сөз тіркестерін меңгеру, оларды сөйлемдерде дұрыс қолдану және сол тақырып төңірегінде сөйлесе білу; Тарихи-мәдени ескерткіштер туралы мәліметтер жинау; одағай сөздерді және олардың түрлерінің жасалу жолдарына жетік болу. **Оқушы нені үйренуі қажет?** Қазақ тілінен электрондық мультимедиалық оқулықпен жұмыс істеуге; Қазақ тілінде өз ойын еркін жеткізе білуге және сауатты жазуға дағдылануға; Мәтінмен жұмыс істеу барысында көлемді мәтінді оқып түсінуге, мәтіннің мазмұнын өз сөзімен айта алу дағдысын меңгеруге; мәтіннен негізгі ойды табу шеберлігін игеруге; Тыңдау арқылы сөйлеу біліктілігін жетілдіруге, өз ойын айта білуге; одағай сөздер және олардың түрлері туралы түсінік ала отырып, оларды пайдаланып, әңгіме құрастыру өнерін үйренуге, тапсырмасын орындауға тиіс.

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларды қазақша сөйлетуге дағдыландыру.

**Оқыту мен тәрбиелеудің міндеттері:** 1) оқушылардың Қазақстанның тарихы жайлы түсініктерін кеңейте отырып, тарихи-мәдени ескерткіштер жөнінде қысқаша мәлімет беру, олардың маңыздылығын түсіндіру, одағай сөздер туралы ережені меңгерту; 2) ауызша және жазбаша ойлау мен сөйлеу қабілеттерін дамыта отырып, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру; 3) оқушылардың бойында туған өлкемізге, тарихымызға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, ұлы адамдарды құрметтеуге, өсиеттерін танып-білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, талдау, ойландыру, топтастыру, эвристикалық әдіс. **Құрал-жабдығы:** компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта.

**Сабақ барысы.**

**I. Ұйымдастыру бөлімі.**

Балалармен сәлемдесу. Әнұранды айту, түгелдеу. Бірнеше ұйымдастыру сұрақтарынан соң үй жұмысын сұрау.

***II. Модульдің мазмұны мен мақсаттарын таныстыру.***

***III. Сабақтың мақсатын айту.***

***IV. Жаңа тақырып бойынша қысқаша мәлімет беру.***



**1-сабақ**

**1)** Ең алдымен сыныпқа сұрақ қою:

- Қазақстанның қандай тарихи-мәдени ескерткіштерін білесіңдер?

- Балалар, бүгін біз «Тарих», «Тарихи-мәдени ескерткіштер» деген тақырыптарда әңгімелесеміз.

Топтастыру әдісі (балалардың айтқан сөздерін мұғалім тақтаға жазады. Топтастыру оқушының қызығушылығын оятады):

| | | |
|---|---|---|
| Тәуелсіз | ұлттық байлық | тарихи орындар |
| Аялау | мәдени ескерткіштер | кесене |
| Тарихи мұра | ғимарат | аса ірі |

Мұғалімнің сөзі: - Міне, қараңдаршы, тарихи мұра туралы біздің ойымызға бірнеше сөздер түсті.

(Мұғалім тарихи мұралар туралы қысқаша әңгімелеп кетеді).

**2)** Мәтінмен жұмыс (эвристикалық әдіс).

1. Мәтінді (өз оқулықтарындағы) мұғалім оқып шығады. Оқушылардан не түсінгендерін сұрайды.

2. Егер мәтінді аудару балаларға қиын болса, мұғалім ондағы қиын сөздерді өзі аударып, әрі қарай көмек-бағыт береді.

3. Мәтінді толық аударып болған соң балалармен сұхбат құра отырып, мәтіндегі негізгі ой тұжырымдалады.

**3) Электрондық оқулықпен жұмыс.**

«Тарихи-мәдени ескерткіштер» тақырыбына мұғалімнің кіріспе сөзі.

1. Оқулықтағы бейнеайналымды көру.

2. Мәтінді тыңдау, оқу.

**4) Интерактивті тақтамен жұмыс.**

Тапсырмалармен жұмыс (Оқушылардың жаңа сабақты қалай меңгергенін тексеру мақсатында оқулық бойынша оқылым бөліміндегі төмендегі тапсырмалар орындалады):

1) Дұрыс жауаптарын орнына қойыңыз;

2) Сәйкес келетін тіркестерді жұптастырып, сөйлемдер құраңыз;

3) Диалогтарды толықтырыңыз.

***V. Бекіту.***

1) Жұптық жұмыс.

Оқушылар диалог арқылы өзара сөйлеседі.

***VI. Сабақты қорыту.***

Мәтін бойынша қысқаша сыр толғау жаздыру.

**2-сабақ**

**Сабақтың II бөлімі (жалғасы):**

Бұл бөлімде жаңа сабақ бекітіліп, ереже түсіндіріледі.

***I. Мұғалімнің кіріспе сөзі:***

- Балалар, қазіргі кезде сендер қазақ тілінде сауатты жаза білуге тиіссіңдер, сол үшін біз грамматикалық тақырыпқа көшеміз. Бүгін біз одағай сөздер және олардың түрлерімен танысамыз. Сондықтан қазір алдарыңыздағы компьютерлерден электрондық оқулықтарыңызды ашып, ережені оқыңыздар.

***II. Ережемен жұмыс.***

1) Одағай сөздер және олардың түрлері туралы ережені электрондық оқулықтан тыңдау.

2) Ережені оқушыларға дауыстап оқыту.

3) Мысалдар келтіру.

***III. Ережені бекіту.***

Интерактивті тақтамен жұмыс.



1) Тірек-суреттер арқылы әңгіме құрастыру.

2) Оқулықтағы тапсырмаларды (интерактивтік тақта алдында) орындату.

***IV. Сабақты қорыту.***

1. Диктант жазғызу.

**3-сабақ**

**Сабақтың III бөлімі (жалғасы):**

Бұл бөлімде қиын сөздердің мағыналары түсіндіріледі.

***I. Сөздікпен жұмыс.***

1) Сөздікте берілген жаңа сөздердің мағыналарын түсіндіре отырып аудару. Оларды дұрыс айтуға дағдыландыру.

Оқушылар жұмыс істегенде қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарға көңіл бөледі.

Бұдан соң оқушылар осы сөздермен әр түрлі сөз тіркестерін құрастырады.

***II. Интерактивті тақтамен жұмыс.***

Сөйлесу бөліміндегі тапсырмаларды орындау:

1) Бос ұяшыққа керекті сөздерді жазыңыз;

2) Берілген әріптерді орнына қойып, сөз құрастырып жазыңыз;

3) Берілген сөйлемдерді аяқтаңыз;

4) Орыны ауысқан сөздерді ретімен қойып, сөйлем құраңыз;

5) Суреттерде қандай тарихи ескерткіштер берілгенін жазыңыз.

***IV. Сабақты қорыту:***

1. Сөздік диктантын алу;

2. Нені оқыдық? Нені білдік?

***V. Үйге тапсырма.*** Одағайларды пайдаланып, «Біздің ұлттық байлығымыз» деген тақырыпқа әңгіме жазып келу.

***VI. Бағалау.*** Сабақ барысында жұмыс істеген оқушылардың білімін бағалау.

**Айжан ИСАБЕКОВА,**
**Степногорск қаласының**
**Абай Құнанбайұлы атындағы**
**№6 гимназия-мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**

# СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙЛАРЫН ҮЙРЕТКЕН ЖАБАЙЫ АҢДАР

**Сабақтың мақсаты:** жабайы аңдар және сын есімнің шырайлары тақырыбы бойынша білімдерін қайталау. **Міндеттері: білімділік** – өз беттерінше ізденулеріне мүмкіндік жасау; **дамытушылық** – ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру арқылы ұйымшылдық қабілеттерін ояту, әр оқушының қабілетін дамыту, өзін-өзі басқарып, пікірін қорғап, дәлелді сөйлеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – бір-бірінің пікірін сыйлауға, табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу. **Түрі:** қайталау сабағы. **Оқушылар үшін оқыту нәтижелері:** жабайы аңдар туралы қосымша түсінік алады, сын есімнің шырайларын айыра алады, топта талдау жасай алады.



**Әдіс-тәсілдері:** топтық, жұптық, сұрақ-жауап, рөлдік. **Жаңа технология элементтері:** сын тұрғысынан ойлау, диалогтық оқыту, жас ерекшеліктеріне байланысты, білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау,білім беруде АКТ пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту. **Көрнекілігі:** кеспе кәртішкелер, суреттер, интерактивті тақта, флипчарттар.

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру:**

- Амандасу.

- Психологиялық ахуал. Оқушыларды шаттық шеңберіне шақыру.

- Біз күнде аспанға қарағанда не көреміз? Күннің көзі бізге не береді? Күннің көзі бізді қалай жылытады? Олай болса, жүректерімізді ұстап, жылуын сезінейікші. Жүрек жылуын бір-бірімізге берейік. Оқушылар жылы сөздер айтады.

Үй тапсырмасын тексеру. Жаңа сөздерді сұрау.

Жаңа сабақ.

**1-флипчарт.** Жадыңда жүрсін!

Ассоциация.

Жабайы аңдар.

«Жабайы аңдар» сөз тіркесін естігенде қандай сөздер естеріңе түседі? (Оқушылар өз ойларын тақтаға жазады. Әр оқушы өзінің бұл сөзді неге жазғанын түсіндіріп береді).

**2-флипчарт.** Сахналық көрініс.

«Бауырсақ» ертегісінен үзінді көрсету. Ертегі көрсетіп болған соң, бұл ертегі оқушыларды неге тәрбиелейтінін сұраймын.

**3-флипчарт.** Қайталау – оқу анасы.

Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, жауаптарын лупа арқылы тексереді.

- Сын есім дегеніміз не?
- Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді?
- Сын есімнің шырайлары?
- Сын есімнің жай шырайы қалай жасалады?
- Сын есімнің салыстырмалы шырайы қалай жасалады?
- Сын есімнің күшейтпелі шырайы қалай жасалады?
- Сын есім сөйлемде қандай қызмет атқарады?

**4-флипчарт.** Семантикалық картамен жұмыс. Оқушылар орындарында отырып орындайды. Орындап болған соң, тақтамен тексереді.

| Сын есім шырай | Үлкен | Үлкен-деу | Өте әдемі | Күшті-рек | Әп-әдемі | Ұсақ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жай | | | | | | |
| Салыстыр-малы | | | | | | |
| Күшейтпелі | | | | | | |

**5, 6-флипчарт. Білгенге - маржан.**

Топтық жұмыс.

- Оқушыларды сын есімнің шырайлары арқылы екі топқа бөлу (салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай).

**-** Тренинг. Бір-бірінің арқасына сурет салып, топтық жұмыста бір-бірін түсініп, сезіп, пікірлерін сыйлау үшін тренинг өткіземін. Соңғы тұрған оқушыға тапсырма беріледі. Ал топ мүшелері бір-



бірінің арқасына суреттеп салады. Осылай бірінші тұрған топ мүшесі ол суретті қағазға түсіру керек (күннің көзі, үй).

«Күшейтпелі шырай» тобының тапсырмасы: жабайы аңдардың зияны туралы мәлімет дайындайды.

«Салыстырмалы шырай» тобының тапсырмасы: жабайы аңдардың пайдасы туралы мәлімет жинайды.

Әр топ өз жұмысын бағалау тәртібі бойынша бағалайды.

Бағалау тәртібі:

1. Топ ережесін сақтау – 1;
2. Жауаптары тақырыпқа сай болу – 2;
3. Стилистикалық қателер жібермеу – 2.

**7-флипчарт.** Сергіту сәті. Қоянға сипаттама беру.

**Оқулықпен жұмыс.**

**8-флипчарт.** Зерделі сөзге зер сал.

Мақал-мәтелдерді толықтыру. Мағынасын ашу. Сын есімдерге морфологиялық талдау жасау:

1.Өлі арыстаннан тірі тышқан артық.

2.Балалы қоян қаша алмайды.

3.Айлалы түлкі алдырмас.

4.Мықты қасқыр – тай-құнанға шабады.

Мықыр қасқыр – қозы, лақты қағады.

**9-флипчарт.** Сабақты қорытындылау.

Білім сыны.

Оқушыларды екі топқа бөлу. 1-топ «Жабайы аңдар» және 2-топ «Үй жануарлары». Екі топ бір-біріне сұрақ қойып, жауап береді.

Рефлексия. Не білдім? Не білгім келеді? Не қиындық тудырды? Оқушылар сабақ бойынша өз ойларын білдіреді.

**Үйге тапсырма.** Сын есімдерді қатыстырып, жабайы аңдар туралы мәтін құрастыру.

**Бағалау.** Оқушылардың білімдерін бағалау.

**Гүлнафиса КУЗБАЕВА,**
**№25 жалпы орта**
**білім беретін мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

# САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРГЕ БАЙ ҚАЗАҚЫ ДАСТАРХАН

*(8-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларға қазақ халқының дастарханы туралы мәлімет беру. **Міндеттері: білімділік** – тақырыпқа қатысты сөз орамдарын меңгерту; салалас сөйлемнің түрлері тақырыбын қаншалықты меңгергендерін тексеру; **дамытушылық** – оқушылардың тіл байлығын дамыту; ой-өрістерін кеңейту; танымдық қабілеттерін жетілдіру; ойларын ауызша жүйелеп жеткізуге дағдыландыру; сөздік қорларын молайту; **тәрбиелік** – қазақ халқының салт-дәстүрлерін құрметтеуге; дастархан басында өзін-өзі дұрыс ұстауға тәрбиелеу.



**Көрнекі құралдар:** интербелсенді тақта, суреттер, топшамалар, слайд. **Түрі:** дәстүрлі. **Әдіс-тәсілдері:** әңгімелеу, сұрақ-жауап, баяндау, ойқозғау, топтық жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, әдебиет, технология.

**Сабақ барысы:**

**I.** Ұйымдастыру кезеңі (1-2 мин. Сөйлесім):

1. Оқушылармен сәлемдесу;
2. Оқушыларды сабаққа бейімдеу;
3. Сөйлесу.

**II.** Үй тапсырмасын тексеру. Айтылым.

Салалас сөйлемдерді қайталау.

Тағам, дастарқан, қонақ туралы мақал-мәтелдер жазып, жаттап келу:

1. Ағайын тату болса, ас көп,
   Абысын тату болса, ас көп.
2. Аздың атасы бір, көптің батасы бір.
3. Жалғыз үйдің тамағы жетсе де, табағы жетпес.
4. Ас иесімен тәтті.
5. Асың болса, досың көп.
6. Ас барында – дос жоқ, ат барында – тай жоқ.
7. Су анасы – бұлақ, сөз иесі – құлақ,
   Жан – тәнге қонақ, іздегені – тамақ.
8. Ас – адамның арқауы.
9. Ас атасы – нан.
10. Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен.
11. Таспен атқанды, аспен ат.
12. Қонақты сүймеген әйел не баласын ұрады, не үйін сыпырады.
13. Тамақты тата жесең, санаңды ашар; көп жесең, ұйқы басар.

14. Қонақ үш түрге бөлінеді: 1) «Арнайы қонақ», 2) «Құдайы қонақ», 3) «Қыдырма қонақ».

Сұрақтар: 1. Құрмалас сөйлем дегеніміз қандай сөйлемдер? 2. Құрмалас сөйлем жасалу жолына қарай неше түрге бөлінеді? 3. Салалас сөйлемдер дегеніміз қандай сөйлемдер? 4. Түрлері: ыңғайлас салалас сөйлем, себеп-салдар салалас сөйлем, қарсылықты салалас сөйлем, кезектес салалс сөйлем, талғаулықты салалас сөйлем, түсіндірмелі салалас сөйлем.

**III.** Жаңа тапсырмаларды қалыптастыру.

1.Сөздік жұмысы. Оқылым. Айтылым. Жазылым.

Сабақтың эпиграфы:

«О бастан жомарт қазақ топырағы,
Ол қашан дастархансыз тоқырады?
Мейманға нәрін беріп,
Бәрін беріп,
Қонақтан қалғанын жеп отырады».

***Қадыр Мырза Әли.***

Сөздік жұмысы:

*дәм – пища, еда;*

*тартымды – привлекательный;*

*қонақтар – гости;*

*мәзірі – меню;*

*төр – почетное место;*

*бата жасау – произнести доброе пожелание (после угощения);*

*ас қайыру – благодарить за угощение;*

*сыйлы адам – уважаемый человек.*

Мәтінмен жұмыс**.** Оқылым.

Мәтін бойынша сұрақтар:



1. Қазақ халқы үшін дастархан қандай рөл атқарады?

2. Дастарханда қандай тағамдар болады?

3. Дастарханға ең бірінші қандай тағам әкелінеді?

4. Дастарханның төріне кімдер отырады?

5. Дастархан басындағы сыйлы адамнан не күтеді?

**IV. Деңгейлік тапсырмалар орындау:**

III деңгей.

1. Қазақ дастарханы туралы қосымша білетіндеріңді әңгімелеп беріңдер.

II деңгей.

1. Сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдаңдар.
   Дастарханға ең бірінші нан қойылады.

2. Берілген сөздерді септеңдер: дастархан, дәм, ырым, дәстүр.

I деңгей.

1. Мына сөздерге фонетикалық талдау жасаңдар: дастархан, мәзір.

Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар:

- Оның ертеден келе жатқан бай тарихы, қонақ күтуде қалыптасқан тамаша дәстүрлері бар.
- Дастарханға ең бірінші нан қойылады, себебі дастархан қазақ халқының дәм-тұз, ас деген ұғымдарын білдіреді.

Слайд көрсету.

Дастархан басындағы рәсімдер туралы әңгімелеп беріңдер.

**V.** Жаңа білімді бекіту. Оқылым. Сөйлесім.

**VI.** Салалас құрмалас сөйлемдердің түрлеріне тест өткізу.

**VII.** Үйге тапсырма: мәтіннің мазмұнын айту; салалас құрмалас сөйлемдер түрлеріне сөйлемдер құру.

**VIII.** Қорытындылау.

**IX.** Оқушыларды бағалау.

**Анар ШУМБАЛОВА,**
**Батыс Қазақстан облысының**
**Орал қаласындағы**
**А.С.Макаренко атындағы**
**№6 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**

# СІЛТЕУ, ӨЗДІК ЕСІМДІКТЕРІ – ҚОРШАҒАН ОРТА ҚОРҒАНЫ

*(6-сынып)*

| | |
|---|---|
| Жалпы мақсаты. | - Қоршаған ортаны қорғау тақырыбы бойынша сын тұрғысынан ойлау стратегияларын пайдаланып,оқушыларды әңгімеге тарту.<br>- Сілтеу, өздік есімдіктері туралы мәлімет беру.<br>- Қоршаған ортаға қамқор болуына, табиғатты қастерлеп сүйе білуіне тәрбиелеу. |
| Күтілетін нәтиже-лер. | А. Мәтінді оқып, мазмұнын сұрақтар арқылы түсінеді Тапсырмаларды оқушылардың,мұғалімнің көмегімен орындайды.<br>В. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Тапсырма шарттарын түсініп, орындайды.<br>С. Мәтінді түсініп оқиды. Өз бетімен жұмыс жасап,әңгіме құрастырады. |
| Сілтеме, ресурстар. | Оқулық, интерактивтік тақта, тапсырмалар, кесте. |



| Бағалау. | Формативтік, өзі-өзін бағалау, бірін-бірі бағалау. | | |
|---|---|---|---|
| Уақыт. | Сабақтың барысы. | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті |
| 5 м. | **I. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1. Ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыру.<br>Қызығушылығын арттыру.<br>«Шарттық шеңбер» ойынын өткізу. | Сабаққа дайындықтарын тексереді, өз тілегін айтады.<br>Көңілін сабаққа аударады. | Сабаққа дайындалады.<br>Оқушылар шеңберге тұрып, бір-біріне жақсы лебіздер айтып, сәттілік тілейді. |
| 5 м. | 2. Ойын «Бір сөзбен айт».<br>1. «Бір сөзбен айт».<br>Әр оқушыға қағаз беріледі. Парақтарда аңдар, ағаштар, жыл мезгілдері, табиғат, Қазақстан деген сөздер жазылған. Оқушы қолына тиген парақтағы сөзді оқып, сол сөзге қатысты бірнеше сөз айту керек.<br>Топқа бөлу. Парақтар екі түсті, сол бойынша топқа бөлінеді. | Формативтік бағалау.<br>Дұрыс-бұрыс. | Парақтарды таңдап, сөздерді жатқа айтады. |
| 3 м. | **II.** Жаңа сабақ.<br>**1.** Бейнефильм көрсету. «Экология және Қазақстан».<br>**2.** Сабақтың мақсатын анықтау.<br>- Балалар, бүгінгі сабағымыз табиғатты, яғни, қоршаған ортаны қорғау мәселесін көтереді. Табиғаттағы барлық нәрсе өзара тығыз байланыста.<br>Адам – табиғаттың бір бөлшегі. | Сұрақтар қою:<br>1. Нені көрдіңіз?<br>2. Табиғатта не болып жатыр?<br>3. Қалай ойлайсыңдар, бүгін не туралы айтамыз? | Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Сабақтың тақырыбын айтады. |

<table>
<tr><td>4 м.</td><td>3. Кестені толтырыңдар. Сөйлемнің дұрыс, бұрыстығын анықтаңыз.<br>
<table>
<tr><th>Сөйлемдер</th><th>Дұ-рыс</th><th>Бұ-рыс</th></tr>
<tr><td>Табиғат – тірі дүние емес</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Таза болса табиғат, аман болады адамзат .</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ағаштар көп болса, денсаулыққа зиян келтіреді.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қалдықтарды жерге тастау керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ауаға зиянды газдарды жібермеу керек.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Адамдарға үгіт-насихат жүргізу керек.</td><td></td><td></td></tr>
</table></td><td>Тақырыпты жалғастыра отырып, біз кестені толтырамыз. Сөйлемнің дұрыс, бұрыстығын анықтаймыз.</td><td>Топтық жұмыс. Кестені толтырады.</td></tr>
<tr><td>3 м.</td><td>4. Жаңа сөздермен жұмыс:<br>Қоршаған орта – окружающая среда;<br>Мәселе – проблема;<br>Өткір – острая;<br>Жұртшылықты – всех людей;<br>Ұрпақ – потомки.</td><td>Сөздер жабылады. Сөздерді есте сақтап, сөздікке жазады.</td><td>Оқылады. Сөйлем құрастырады. Сөздікке жазады.</td></tr>
<tr><td>5 м.</td><td>5. Мәтінмен жұмыс.<br>Оқулық. 115-бет.</td><td>Жадыны дамыту:<br>1. Оқылады.<br>2. Әр топ 4 сұрақтан құрастырып, бір-біріне қояды.</td><td>Бір-бірін тексереді. Топтық жұмыс. Сұрақтар құрастырады.</td></tr>
</table>



| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 м. | **6. Тапсырмалар орындау.**<br>1-топ.<br>Тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазыңдар.<br>1.Қоршаған ортаны.......... – қазіргі кездегі өткір .......... бірі.<br>2. ................ - Қоршаған ......қорғаудың .......күні.<br>Керекті сөздер: 5-маусым, қорғау, ортаны, мәселелердің, дүниежүзілік. | | Жекеше жұмыс.<br>Өзін-өзі тексереді.<br>«Ауызша бағалау». |
| | 2-топ.<br>Тапсырма.<br>Сөйлемдерді дұрыс құраңдар.<br>1. Ортаны, дүниежүзілік, күні, 5 маусым, қоршаған, қорғаудың.<br>2. Саябақтарды тазалау, сияқты жұмыстар, өткізіледі, ағаш отырғызу, сурет салу.<br>3-топ.<br>«Қоршаған ортаны қорғау» тақырыбына бағдарлама жасау. | | Дарынды оқушымен жұмыс. |
| 6 м. | **7. Грамматикалық тақырып.**<br>Сұрау есімдігі - жауап алу мақсаты мен сұрау мағынасында қойылған сұрақтар (кім?, не?, қайда?, неге?).<br>Қазақстанның табиғаты қандай? Табиғатты кім қорғайды?<br>Өздік есімдігіне әр түрлі тұлғадағы өз деген бір ғана сөз жатады (өзім, өзіміздің, өз-өзіне) | Жуан-жіңішке сұрақтар.<br>Есімдік деген не?<br>Неше түрі бар?<br>Жіктеу есімдігін ата.<br>Сілтеу есімдігін ата.<br><br>Ереже оқылады.<br>Жазылған сөйлемдерден есімдікті көрсетеді. | Топтық жұмыс.<br>Есімдіктерді пайдаланып, сөйлем құрастырады.<br>Ауызша бағалау.<br>Кім, қалай меңгергенін көрсетеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Табиғатты сақтау үшін өз үлесімізді қосамыз. | | |
| 3 м. | **8. Өлеңмен жұмыс.**<br>Табиғаттың панасымыз.<br>Ағаш өзін қиғанды<br>Ат сияқты тебе алмас.<br>Гүл де жұлқып жұлғанды<br>«Неге өйтті!»- деп сөге алмас.<br>Аю байғұс аяғын<br>Алса жырып, қанатып,<br>Жарасын кім таңады?<br>Кім бар бағып-қағатын?<br>Түйіп айтар сөзіміз:<br>Табиғаттың панасы-<br>Біздің мына өзіміз,<br>Адамзаттың баласы.<br>(М.Әлімбаев). | - Балалар, көп ақын-жазушылар өздерінің шығармаларын табиғатқа арнаған. Соның бірі – М.Әлімбаев. Қазір Мұзафар Әлімбаевтың өлеңін оқып шығып, тапсырма орындаймыз. | Өлеңді оқиды. Тапсырманы орындайды. |
| 2 м. | **9. Семантикалық кестені толтыру.**<br>Өлеңнің ішінен есімдіктерді теріп жазып, кестені толтырыңдар. | Грамматикалық тақырыпты қалай меңгергенін тексереді. Тақтада дұрыс жауабы жазылады. | Жекеше жұмыс. Өзін-өзі тексереді. Бір оқушы тақтаға шығып, орындайды. |
| 2 м. | **10. Синквейн жазу:**<br>1. Табиғат;<br>2. Әдемі, әр түрлі;<br>3. Ластанады, қорғайды, бағалайды;<br>4. Табиғат пен адам – біртұтас;<br>5. Тіршілік. | | Дарынды оқушымен жұмыс. Оқушы шығып, жазады. |
| 2 м. | **III.** Қорытынды**.** | - Балалар, біз бүгін қандай тақырыппен таныстық?<br>- Неге біз табиғатты қорғауымыз керек? | Сұрақтарға жауап береді. |



| | | | |
|---|---|---|---|
| | | - Сұрау есімдіктерін ата.<br>- Өздік есімдігін ата. | |
| 2 м. | Рефлексия**.**<br>Бағалау парағын толтыру. | | Бағалау парағын толтырады. |
| 1 м. | Үй тапсырмасы. Мәтіннің мазмұнын айту. Мақал-мәтелдерді жазып келу. Ереже. | | Күнделікке жазады. |

**Дидар ЖАСТАЛАПҚЫЗЫ,**
**№21 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

# КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР – ОРАЛ ҚАЛАСЫНДА

*(8-сынып)*

**Мақсаты:** Орал қаласы туралы білімдерін кеңейту. Күрделі сөздер, оның түрлерін ажырату, тапсырмалар арқылы бекіту. **Күтілетін нәтижелер:** Қазақстан астаналары туралы біледі, білгенін өз алдына еркін әңгімелей алады, белсенді сөздік қорларын

ауызекі, жазба тілде қолданады, Орал қаласы туралы білімдері кеңейеді, туған жер тарихын білуге қызығушылықтары оянады. Күрделі сөздер ережесін біледі, түрлерін ажырата алады, алған білімдерін тапсырмалар арқылы көрсетеді. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, іздендіру, ойландыру, топтық жұмыс, жұптық жұмыс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, Қазақстан картасы, бағалау өлшемдері, слайдтар, тест, кеспе суреттер, тірек-сызба.

Сабақтың барысы:

I. Кіріспе.

**1) Ұйымдастыру бөлімі.**

- Бүгінгі сабағымызда өздеріміз бұрын алған білімімізді іс жүзінде қалай қолдана алатынымызды көрсетейік. Ол үшін жинақы, менің сұрағыма, жолдастарыңыздың жауабына мұқият болып, ойларыңызды еркін, жүйелі айту керектігін естеріңізге саламын. Ендеше, іске сәт, сіздерге табыс тілеймін! Сабағымызды бастайық.

Кеспе суреттер арқылы топқа бөліну.- Қандай сурет шықты?

Қазір мен осы суреттер арқылы орталықтарға бөлемін:

1-топ-Абай. Жазу орталығы.

2-топ-Карев үйі. Оқу орталығы.

3-топ-Қобыз. Өнер орталығы.

**2) Ой қозғау.** Осы суреттердің барлығы қай қалаға жатады? Карев үйі. Абай Құнанбайұлы сөздері қандай сөздер?

- Бүгінгі біздің тақырыбымыз – Орал қаласы. Күрделі сөздерді пысықтау.



Мақсаты: Орал қаласы туралы білімдеріне сүйене отырып, әрі қарай білімді кеңейту. Күрделі сөздер ережесін, түрлерін ажыратып, берілген тапсырмалар арқылы бекітеміз.

**3)** Бағалау өлшемдерін түсіндіру.

Бағалау парақшаларын үлестіру.

**4) Үй тапсырмасын сұрау.**

Үйге күрделі сөздердің ережесін қайталап келуге бердім.

Оқу орталығы – ереже сұраймын.

Жазу орталығы – тест (слайд).

Өнер орталығы – «кинотеатр, Қазақстан Республикасы» сөздерімен диалог құру.

Қорытындылау: Сөздер құрамына қарай қалай бөлінеді?

Дара сөз дегеніміз не? Қандай түрлері бар? Күрделі сөз дегеніміз не?

Түрлерін оқып шығайық **(слайд).**

**II. Тұсаукесер.**

**Ойқозғау.** Картамен жұмыс.

- Алдыңғы сабақтарда Қазақстанның астаналарын өттік. Қазақстан тарихында неше астана болды?

Қазір картадан тауып, Қазақстан астаналары туралы қайталап кетейік.

Алғашқы астанасы қай қала?

Екінші астанасы қай қала?

Үшінші астанасы?

Қазіргі астанасы қай қала?

Орал қаласы Қазақстанның қай бөлігінде орналасқан?

Оқушылар Қазақстанның астаналарын айтып, картадан табады,қысқаша тоқталып кетеді.

«Өз қаланды білесің бе?»

Орал – Батыс Қазақстан облысының орталығы.

Ежелгі атауы қалай?

Іргетасы қашан қаланды?

1775 ж. Орал деп өзгертілді.

Қаламыз неше жаста?

Шығармашылық тапсырма:

Қаламызда көрнекті жерлер көп.

Әр топ кластер жасайды.

Ескерткіштер. Мұражайлар. БҚ облысында дүниеге келген адамдар (слайд).

**ІІІ. Негізгі бөлім.**

1. Сөздік жұмысы. Білімімізді әрі қарай толықтыру мақсатында оқулықта берілген мәтінге қарайық. 102 б. **(слайд).**

Іргетасы

Қаланған

Сықақшы

Оқиға

Орталық

1. Оқу орталығы- осы сөздермен сөйлем құрайды.

2. Жазу орталығы-сөздерді сөз құрамына талдайды.

3. Өнер орталығы- Синквейн құру (Не? Қандай? Не істейді? Синоним. Сөйлем).

**2. Мәтінмен жұмыс. Топтық жұмыс.**

Мәтінді оқиды. Тапсырмалар:

1. Оқу орталығы – оқулықтағы сұрақтарға жауап беру, өзара сөйлесу (жұптық жұмыс).



2. Жазу орталығы – 3-тапсырма. Сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдыру.

3. Өнер орталығы – Туған жер туралы мақал-мәтелдер айту.

Әр орталық берілген тапсырмаларын орындайды, бағалау парақшаларына ұпайларын қойып отырады.

Қорытындылау: Орал – көне қалалардың бірі. Тарихи ескерткіштерге бай қала. Орал – мәдени, білім, өндіріс орталығы.

Ассоциация: Мен үшін Орал –

**IV.** Қорытынды.

**1. Өзін-өзі бағалау.**

Бағалау өлшемдеріне қарап, өздерін бағалайды. (слайд). «5»-7-8 ұпай, «4»-5-6ұпай, «3»-3-4 ұпай.

**2. Үй тапсырмасын беру** (интерактивті тақтада).

1-топ – ескерткіштер туралы қосымша мәлімет жинау.

2-топ – мұражайлар туралы қосымша мәлімет жинау.

3-топ – БҚО дүниеге келген белгілі адамдар туралы қосымша мәлімет жинау.

**3.** Рефлексия «Ой-толғаныс» сатысы.

- Қалай ойлайсыздар, сабақ қалай өтті?

Смайликтер көрсетіп, өз көңіл-күйлерін білдіру.

- Балалар, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Еліміздің болашағы бүгіннен басталады» деген. Болашақта Орал қаласының көркеюіне зор үлестеріңді қосасыңдар деп сенемін. Туған жеріміз – Ақ Жайық, Оралымыз асқақтап өсе берсін!

- «Ақжайығым» әнін тыңдау, Орал қаласы туралы бейнені қарау.

**Айгүл ТӨЛЕГЕНОВА,**
**Қазақстан Республикасы педагог**
**кадрларының біліктілігін арттырудың**
**бірінші (ілгері) деңгейлі**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**
Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы.

# ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШКЕР САБАҒЫ – ДҰРЫС СӨЙЛЕТУ

**Сабақтың мақсаты:** тұңғыш ғарышкерге қатысты дұрыс сөйлем құрастыруға ерекше мән беру: **Міндеттері: білімділік** – тұңғыш ғарышкер туралы жан-жақты мағлұмат беру, білімдерін кеңейту; **тәрбиелік** – тыңдаушыларды Отанды сүюге, елдің тұңғыш ғарышкерін құрмет-теуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушыларды дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыру; сөздік қорларын молайту, тіл дамыту.**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** «Инсерт», «Қарлы кесек», талдау, сөйлестіру, ойландыру.

**Сабақтың барысы.**

**І. Ұйымдастыру кезеңі:**

А) Амандасу, оқушыларды түгелдеп, сабаққа бейімдеу.

Ә) - Балалар, бүгінгі сабағымызды тренингтен бастайық. (музыка ойнайды). Орынымыздан тұрамыз, бір-бірлеріңнің қолдарыңнан ұстаңдар, бір-бірімізге екі жұлдыз, бір тілек, жақсы сөздер айтамыз.

- Енді, көзімізді жұмамыз, көз алдарыңа туған жеріміздің кең даласын елестетіңдерші, айнала жап-



жасыл, аспанда тамылжыта ән салған құстардың дауысы, кең дала! Міне, ұшақ пен зымыран. Ұшақ пен зымыранға отырып, аспанға ұшқалы жатырсыңдар, неткен тамаша сәт! Бірақ бұл – арман. Көзімізді ашамыз, әлгі елесте көрген ұшақ пен зымыран, міне, менің қолымда тұр, бір-бірден алып, топқа бөлінеміз.

**1-топ – ұшақтар.** **2-топ – зымырандар.**

Б) Сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.

ІІ. Өткенді еске түсіру. «Қарлы кесек» әдісі арқылы үй жұмысын тексеру:

1. Салалас құрмалас сөйлем түрлері мен жалғаулықтарына тоқталу.

2. Конверттегі тапсырмаларды орындау.

ІІІ. Жаңа сабақ.

**Ойқозғау.** Бейбіт заманда батыр болуы мүмкін бе? Ерлік дегеніміз не?

Меніңше, туған Отаныңды қорғап, қадірлесең, бұл да – ерлік. Жақсы оқып, еңбек етсең – ерлік. Ерлік тек соғыста ғана жасалмайды, бейбіт заманда да жасалады. Мысалы: ғарышкерлердің ерлігі, спортшылардың ерлігі.

Олай болса, бәріміз бейнематериалға назар аударайық (Тоқтар туралы бейнебаян көрсету.).

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: қазақтың тұңғыш ғарышкері – Тоқтар Әубәкіров.

1. Қазір алдарыңдағы мәтінді «Инсерт» әдісі бойынша талдайсыңдар.

«Инсерт» әдісі. Мәтінмен жұмыс

V – білемін - – білмеймін

+ – мен үшін жаңалық ? – мені таңқалдырды

- Жақсы, енді, тексерейік, неше сөйлем

таңқалдырды, жаңа ақпарат болды және нешеуін білесің, білмейсің, сөз сіздерге.

Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы шілденің 27-сі күні Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында туған. Кішкентай кезінде әке-шешесінен ерте айырылып, әпкесінің тәрбиесінде болады. Ол әскери-авиациялық училищесін және сынаушы – ұшқыштар мектебін бітіреді. Мәскеу авиация институтын аяқтаған. Ол – ғарышқа ұшпай тұрып-ақ батыр атағына ие болған жалғыз ғарышкер. Ол – қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының еңбегі сіңген ұшқыш-сынақшысы (1990), авиацияның генерал-майоры (1992), Кеңес Одағының Батыры (1988), ҚР Халық қаһарманы (1995).

Тоқтар Теміртау зауытында токарь болды. Оның есімі облыстың Құрмет кітабына алтын әріппен жазылды (1964). 1969 жылы Ресей Федерациясындағы Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін бітірген. Мәскеу авиация институтын 1979 жылы тәмамдады. 1991 жылы қазанның 2-сі күні Байқоңырдан Қазақстан-Австрия экипажы бар “Союз ТМ-13” ғарыш кемесі ұшырылды. Тұңғыш Қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров Республика Президенті Н.Ә.Назарбаевқа қазақ тілінде қысқаша баянат жасады. Тоқтар отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты. 1994-95 ж.ж. ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болды. 1996 жылы ҚР Президентінің кеңесшісі.

2. Мәтін бойынша постер құрастырамыз.



3. Жұппен жұмыс. Мәтінді пайдаланып, диалог құрастыру.

4. Шығармашылық жұмыс, кейіпкерге хат жазу (Тоқтар Әубәкіровке).

**IV. Сабақты қорыту.**

**«Жеті ғажайып бақ»** ойыны. Ойынның мақсаты сұрақтарға дұрыс жауап беру: 1. Тоқтар Әубәкіров кім? 2. Ол қай жылы, қай жерде туған? 3. Ол қайда оқыды? 4. Байқоңырдан ғарыш кемесі қашан ұшты? 5. Т.Әубәкіров кімге баянат жасады? 6. Ол нені армандады? 7. Қай жылы тұңғыш рет ғарышқа ұшты?

**V. Рефлексия (бүгінгі сабақ туралы өз ойларыңызды білдіре қойыңыздар).**

**Әлия ЖҰБАНЫШЕВА,**
**Батыс Қазақстан облысының**
**Орал қаласындағы**
**№32 ЖОББМ-нің қазақ тілі мен**
**әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

## КӨНЕРГЕН ЖӘНЕ ЖАҢА СӨЗДЕР – БАЙТҰРСЫНҰЛЫ БАҚШАСЫНДА

*(9-сынып)*

**Мақсаты:** 1) жаңа сөздерді, көнерген сөздерді таныстыру, үйренген сөздерін ауызекі тілде қолдануға машықтандыру. Ғалымның тіл білімінің дамуына қосқан үлесін меңгерте отырып, А.Байтұрсынұлының азаматтық тұлғасымен таныстыру; 2) оқу, ауызекі

сөйлеу дағдыларын, сөздік қорын, логикалық ойлау, дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту; 3) оқушыларды елінің тарихын біліп,болашағына еңбек етулеріне шақыру. **Түрі:** білім дағдыларын қалыптастыру сабағы. **Әдістері:** түсініп оқыту, талдау, топтастыру, «Синквейн» әдісі, семантикалық картамен жеке жұмыс, топтық, жұптық жұмыс түрлері. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, топшамалар.

**Сабақтың барысы.**

**І. Ұйымдастыру кезеңі:** 1. Амандасу. 2. Кезекшімен сұхбат.

а) «Тілек айту» тренинг:

Қазақ тілі – өз тілім, ана тілім,

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,

Болашағым, бақытым, дара тілім!– деп кемеңгер ақын жырлағандай, бүгінгі қазақ тілі сабағына қандай тілектерің бар ( оқушылар өз тілектерін айтады).

ІІ. Негізгі бөлім:

А) Сабақтың мақсатымен, барысымен танысу.

Ә) **Үй тапсырмасын тексеру**.Термин сөздер, кірме сөздер....Ғылым, білім туралы мақал-мәтелдер. 3 қатар мақал-мәтел айтып жарысады, мағынасын айтады.

**Сұрақтар:** 1) Термин сөздер дегеніміз не? Мысал келтір. 2) Кірме сөздер дегеніміз не? Мысал келтір. 3) Араб, парсы тілдерінен енген қандай сөздерді білеміз? (адам, мектеп, әлем, әдебиет, мәдениет, пән, тәрбие, т.б.) 4) Орыс тілінен енген сөздер? (болыс, сот, жәшік, керует, бөтелке, кәмпит, сөмке, тұрба).

- Біз қандай модульді өтіп жатырмыз? Қазақ тіл білімін зерттеген ғалымдар кімдер?

**Ойқозғау:** Қазақ тіл білімінің негізін салушы, қазақ



тілі емлесінің реформаторы, жаңашыл ағартушы.......? - А.Байтұрсынұлы.

**Қызығушылықты ояту:** Оқушылар А.Байтұрсынұлы туралы дайындап келген слайдтарын қорғайды, рефераттарын тапсырады.

**Мағынаны тану**: Ахмет Байтұрсынұлының атын қазақ баласының естімегені жоқ шығар. Оның әліпбиі мен оқу құралдарын оқып, сол ғылыми еңбектерінің арқасында қаншама адам сауатын ашты.

Ол Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық жұмыспен айналысты, туған халқын оқуға, өнер- білімге шақырды. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы, осы жетілген жазу үлгісімен еліне тұңғыш «Әліппесін», «Тіл құралын», «Әдебиет танытқышын» сыйлаған, қазақ филологиясы мен өнертануының негізін салушы, таза қазақ емлесімен шыққан тұңғыш «Қазақ» газетінің (1913-1918) редакторы.

Ол – ең алдымен қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер. Осы мақсатты орындау үстінде ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап, танытқан зерттеуші әрі сол зерттеулерінің негізінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор.

**Сөздікпен жұмыс:** *тіл білімі – языкознание; тұңғыш – первый; зиялылар- интеллигенция; ұйымдастырушы – организатор; негізделген – основан; құрбан – жертва.*

(Жаңа сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құрастыру).

**Мәтінмен жұмыс:**

Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орыны қандай болса, қазақ тіл білімі тарихында Ахмет Байтұрсынұлының да орыны сондай. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог- ғалым, қазақ тіл білімінің атасы, түрколог, дарынды ақын-аудармашы, белгілі қоғам қайраткері.

Ахмет Байтұрсынұлы араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды. Ол қазақтың тұңғыш әліппесін, оқулықтарын жазды. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914 жылдан 1928 жылға дейін пайдаланылды. Ұлтшыл, халық жауы деген жала жабылып, сталиндік режимнің құрбаны болды.Ахмет Байтұрсынұлы қайта құрудың арқасында ақталды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсынұлы есімі берілді.

**Іс-шара:**

- мұғалім оқиды;
- оқушылар тізбектеп оқиды.

**Мәтін бойынша деңгейлік тапсырмалар:**

**-** 1-қатар  диалог құру; 2-қатар мәтінге байланысты мақал-мәтелдер айтады;

1) ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді; 2) жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл; 3) білімді өлсе, қағазда аты қалар; ұста өлсе артында, істеген заты қалар;

- 3-қатар тұжырым жасап, топтастырады.

**Мотивация ояту:** Интербелсенді тақтадан.

| Жаңа | Көне |
|---|---|
| | |

Мына екі сөз тақтада неге тұр? Таныс па? (оқушылар түсіндіреді, мағынасын ашады, мысалдар келтіру).



**Жаңа сабақты түсіндіру**: - Бүгінгі грамматикалық тақырыбымыз: жаңа сөздер мен көнерген сөздер.

**Көнерген сөздер** – қазіргі уақытта қолданыстан шығып қалған сөздер. Оның екі түрі бар: архаизм және историзм. Мысалы; нөкер, батырақ, би, болыс, жүз басы, совхоз, комсомол.

***Жаңа сөздер*** – ғылым мен техниканың дамуына байланысты қолданысқа енген жаңа сөздер. Мысалы; ғаламтор, ғарышкер, делдал, жарнама, айқұлақ, т.б.

Деңгейлік тапсырмалар:

**ІІІ деңгей: Берілген сөйлемдердің ішінен көнерген сөзді табу, түсіп қалған дыбысты жазу.**

1. Кісі елінде с...лт...н болғанша, өз еліңде ұлтан бол. 2. А.Байтұрсынұлы Советтердің Б...кілодақтық 8 с..езіне дейінгі аралықта Кирвоенкомның мүшесі болды. 3. Қазақ ...лкесін басқару жөніндегі ...скери-револ...циялық комитеттің м...шесі ретінде ел жұмысына белсене араласады. 4. 1919 жылы наурызда б...рынғы ұлт интеллигенциясының көптеген ....кілдерін өзімен бірге алып, совет ...кіметі жағына өтеді.

**ІІ деңгей: Сөйлемдердің ішінен неологизмдерді табу, синонимдерін айту.**

1. Елбасы өзінің Жолдауында білімнің дамуына баса назар аударған (басшы, президент). 2. Қостанай қаласында Ахмет Байтұрсынұлына ескерткіш орнатылған (монумент). 3. Мен ғаламтор бетінен Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларын оқыдым (әлеуметтік желі, интернет). 4. М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы, Б.Майлин – өз заманының зиялылары (саналы, зияткер).

**І деңгей: Берілген сөйлемдерге толық синтаксистік талдау жасау:**

**1.** А.Байтұрсынұлының тәжірибесін түркі халықтары

үлгі етті. **2.** Ахмет Байтұрсынұлы еңбек жолын бала оқытудан бастаған. **3.** Мен қазақ жерінде туып-өстім.

Жаңа сөздер мен көнерген сөздерді тіл білімінің қай саласы қарастырады деп ойлайсыңдар? (лексика).

Қолдану аясы шектеулі сөздерге қандай сөздер жатады?

Семантикалық картамен жұмыс:

| **№** | **Түрлері** | **Кәсі-би сөз** | **Диа-лект сөз** | **Тер-мин сөз** | **Кір-ме сөз** | **Көнер-ген сөз** | **Жаңа сөздер** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | мекен-жай | | | | | | |
| 2. | совхоз | | | | | | |
| 3. | ау | | | | | | |
| 4. | мұғалім | | | | | | |
| 5. | энергия | | | | | | |
| 6. | малай | | | | | | |
| 7. | шеміш-ке | | | | | | |
| 8. | ғалам-тор | | | | | | |
| 9. | комсо-мол | | | | | | |
| 10. | көпшік | | | | | | |
| 11. | азанда | | | | | | |
| 12. | лексика | | | | | | |
| 13. | кітап | | | | | | |
| 14. | уәзір | | | | | | |
| 15. | субұр-қақ | | | | | | |



**Тест сұрақтары.**

**1. Архаизмді тап:**

А) жеке кәсіпкер;

Ә) адрес;

Б) алтыбақан.

**2. Жаңа сөзді тап:**

А) қымыз;

Ә) бағдаршам;

Б) әдебиет.

**3. Ғылым мен техниканың дамуына байланысты пайда болған сөздер:**

А) диалект сөздер;

ә) кәсіби сөздер;

б) жаңа сөздер.

**4. «Лексика» сөзі қай тілден енген?**

А) араб;

ә) грек;

б) орыс.

**5. Тарихи сөзді тап:**

А) комсомол;

ә) мысы құру;

б) теледидар.

**6. А.Байтұрсынұлы кім?**

а) тіл білімінің атасы;

ә) саяхатшы;

б) суретші.

**7. А.Байтұрсынұлының туған жері:**

а) Ақтөбе облысы;

ә) Қостанай облысы;

б) Маңғыстау облысы.

**8. А.Байтұрсынұлы еңбектері:**

а) «Әліппе», «Тіл құралы»;

ә) «Педагогика», «Құтадғу білік»;

б) «Жетісу тарихының шежіресі», «Қазіргі қазақ тіліндегі диалектілер».

**9. А.Байтұрсынұлы атында қандай институт бар?**

а) Тіл білімі институты;

ә) Зерттеу институты;

б) Ауыл шаруашылық институты.

**10. Лексика нені зерттейді?**

а) тіл дыбыстарын;

ә) сөз құрамын;

б) сөз мағынасын.

Тест тапсырмасын тексеру. Кілт беріледі, оқушылар өз-өздерін тексереді.

**«СИНКВЕЙН» әдісі.**

Кім? Қандай? Не істеді? Синоним. Сөйлем.

**Қорытындылау:** Бүгінгі сабағымызда көрсеткен білімдеріне қарап, тәуелсіз еліміздің болашағы жастар қолында, білімді, жан-жақты оқушы ғана аңсаған армандарына, білім көгіне жете алатындығын айту қажет.

- Тәуелсіздігіміздің ашық аспанында жетер биіктерің де, алар асуларың да аз еместігіне сенімім мол. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады» деген, яғни, жастарға сенім артқан.

**Үй тапсырмасы:** «А.Байтұрсынұлы – тіл білімінің атасы» мәтінін оқып, мазмұнын айту.

Көркем әдебиетті пайдалана отырып, ішінде көнерген сөздері бар 5 сөйлем жазып келу.

**Бағалау:** сабаққа белсене қатысқан оқушылардың еңбектерін бағалау, түсінік беру, марапаттау.



**Құлбаршын ИСПУЛОВА,**
**«Қостанай қаласы әкімдігінің білім**
**бөлімінің №7 орта мектебі» ММ**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**

# СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ – ТУҒАН ЖЕР ҚОНАҒЫ

**Сабақтың мақсаты:** туған жер туралы білімің тереңдету. **Міндеттері: білімділік** – өз ойын айтуға үйрету септіктердің жалғауларын бекіту; **дамытушылық:** ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіру, оқушының дүниетанымын кеңейту, ауызша ойлау мен сөйлесу қабілетін дамыту, сөз тіркесін құру дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік:** пәнге деген қызығушылықты арттыру, елін сүюге тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа сабақ. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, математика, айналаны тану. **Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, талдау, сөйлесу, сұрақ-жауап. **Көрнекіліктер:** сабақ презентациясы, суреттер, кеспелер, сөзжұмбақ. **Жұмыс түрлері:** жазбаша, ауызша.

**Сабақтың барысы.**

**І. Ұйымдастыру кезеңі:**

**1. Сәлемдесу.**

**-** Сәлеметсіңдер ме, балалар!

**2. Тексеру.**

**-** Сыныпта кім кезекші? Сабақта кім жоқ?

- Бүгінгі «**Менің туған жерім**» атты сабағымыз – күндегі сабақтардан ерекше. Себебі, бізге қонақтар

келіп отыр. Сондықтан сабаққа белсенді қатысып, тәртіпті отыруымыз керек.

**Психологиялық дайындық:** 1. Бір жылда неше жыл мезгілі бар? 2. Әр жыл мезгілінде неше ай бар? 3. Бір тәулікте неше сағат бар? 4. Бір сағатта неше минут бар? 5. Апта күндерін атаңдар? 6. Қазір қандай ай?

**ІІ. Үй жұмысын тексеру**. Қарағанды қаласы туралы әңгімелеу. Жаңа сөздерді тексеріп, септеудің ережесін қайталау.

1**. Ойқозғау.**

- Балалар, қазақша таза, жақсы, сауатты жазу үшін қазақ тіліне тән дыбыстарды қайталап жіберейік. Қ – дыбысына сөздер айту.

**Ш. Жаңа тақырып.**

Мұғалім жаңа сабақтың тақырыбымен, мақсатымен, барысымен таныстырады.

- Балалар, жаңа сабағымызды мақал-мәтелден бастағым келеді. «Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың». Мақал-мәтел не туралы?

**ІІІ. Негізгі бөлім.**

Жаңа сөздермен танысу, оқушылар жаңа сөздерді хормен қайталайды.

Мәтінмен жұмыс. Мұғалім мәтінді мәнерлеп оқиды, оқушылар оқиды, мұғалім оқушылардың оқу мәнеріне аса көңіл бөледі. Оқушылар мұғалімнің нұсқауымен жаңа сөз тіркестерін немесе сөйлемдер құрастырады.

**Грамматика бөлімдері:** ережені қайталау, мысалдарын айтып түсіндіреді. Оқушылар мүмкіндіктерінше қайталайды.



**Оқушылардың білім деңгейін тексеру бөлімі:** Әр оқушыға деңгейлік тапсырма беріліп, ол тапсырмалар мүмкіндігінше орындалады.

**Сергіту сәті бөлімі:** тіл жаттықтыру мақсатында сергіту сәті өтіледі. «Қара жорға» биін орындайды.

**Оқушылардың ойлау қабілеттерін тексеру бөлімі:** тақтадағы жұмбақты кім тез шешетіні тексеріледі, тағы да қосымша жұмбақтар айтылады.

**Тақтамен жұмыс бөлімі:** тақтаға екі оқушы «қала» деген сөзді септейді, «туды» деген сөзді жіктейді. Әр септіктің сұрақтарын, жалғауларын дұрыс анықтап көрсетеді.

**Диалогпен жұмыс:** Сұрақ-жауап жұмысын өткізу.

**Тест жұмысы:** жазбаша қағазда көрсетілген тест сұрақтарына оқушылар жауап береді. Білімдерін тақтадағы тест жауаптары арқылы тексереді, бағалайды.

**Сабақты бекіту бөлімі:** Тақтадағы сөзжұмбақ арқылы оқушылар жаңа сабақтан алған білімдерін, білгендерін жинақтап, жүйелеп көрсетіп бекітеді.

**Үй тапсырмасы беріледі:** «Менің туған жерім» тақырыбына эссе жазып, оқушылар шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

**IV. Бекіту.** Сөзжұмбақ шешу.

**V. Қорыту.** Нені білдің? Нені білгің келеді?

**VI. Үй жұмысы.** Мәтінді әңгімелеу.

**VII. Бағалау.** Мұғалім оқушыларды мадақтап, білімдерін бағалап, алғысын білдіреді.

**Қарлығаш ҚҰРМАНОВА,**
**Малотюкты негізгі мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Ақмола облысы,
Зеренді ауданы.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН 6-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН БИЛЕТ СҰРАҚТАРЫ

**1-билет.**
1. Біздің отбасымыз.
2. Сөйлем мүшелері.
3. Мына сөздерге фонетикалық талдау жаса: *ұстаз, кітап.*

**2- билет.**
1. Менің достарым.
2. Септіктер.
3. Жақша ішіндегі сөзге керекті жалғауды жаз:
*Мен жазда Астанаға қыдырып (бару).*
*Астана маған өте (ұнау).*
*Астана Есіл өзенінің жағасында (орналасу).*

**3-билет.**
1. Менің мектебім.
2. Дауысты және дауыссыз дыбыстар.
3. Берілген сөздерді жікте: *дәрігер, жүгіру.*

**4- билет.**
1. Күз.
2. Сөз. Сөз тіркесі. Сөйлем.
3. Берілген сөзді септе: *қала.*



**5-билет.**
1. «Күнтізбе» туралы қысқаша мәлімет.
2. Сын есімнің шырайлары.
3. Берілген сөйлемді сөйлем мүшесіне қарай талда:
*Мен анама үнемі көмектесемін.*

**6-билет.**
1. Астана қаласы.
2. Зат есім.
3. Берілген етістіктерді үш шаққа қойып өзгерт: *ойнау, жазу.*

**7-билет.**
1. Қазақстан – біздің Отанымыз.
2. Есімдік.
3. Көп нүктенің орынына керекті әріптерді қой:
*Мен спорт кешен..не барам..н.*
*Тау..а бар..п ша..ғы тебем..н.*
*Ала..ға бар..п футб..л ойнайм..н.*

**8-билет.**
1. Қыс.
2. Көмекші есімдер.
3. Сөйлемдерді дұрыс құра.
*Күн, ұзарады, күзде, қысқарады, түн.*
*Жылы, ұшады, құстар, күзде, жаққа.*
*Егін, күздігүні, жинайды, диқаншылар.*

**9-билет.**
1. Жабайы аңдар.
2. Етістіктің райлары.
3. Берілген сөздерге фонетикалық талдау жаса: *туған, оқушы.*

**10-билет.**
1. Үй жануарлары.
2. Етістіктің райлары.

3. Берілген сөйлемді сөйлем мүшесіне қарай талда:

*Қыста ауа райы суық болады.*

**11-билет.**

1. Көктем.
2. Тұйық етістік.
3. Берілген сөзді септе: *ауыл.*

**12-билет.**

1. Көктемгі мерекелер.
2. Сөйлем мүшелері.
3. Берілген сөздерден сөйлем құрастыр:

*Мектеп, сағат, табиғат.*

**13-билет.**

1. Ұлттық тағамдар.
2. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы.
3. Сөйлемдерге қажетті тыныс белгісін қой.

*Менің туған жерім қандай әсем.*

*Мен туған жерімді сағынамын.*

*Сен туған жеріңді сағынасың ба?*

*Қазақстанның жер көлемі қанша шақырым?*

**14-билет.**

1. Ұлттық ойындар.
2. Жіктік жалғау.
3. Жақша ішіндегі сөздерді барыс септігіне қойып, сөйлемдерді толықтыр.

*(Астана) қонақтар көп келеді.Мен әжеммен (балапандар) жем шаштым. Кеше біз (мектеп) бардық. Ол (Марат) сыйлығын берді.*

**15-билет.**

1. Жаз.
2. Үндестік заңы.
3. Берілген сөйлемді сөйлем мүшесіне қарай талда.

*Мен күшігімді жақсы көремін.*



**16-билет.**

1. Қазақтың дастарханы.
2. Септіктер.
3. Көп нүктенің орнына тиісті көмекші есімдерді қой.

*Қаланың ... үлкен саябақ бар.*

*Үйдің ... малдар жайылып жүр.*

*Өзеннің ... балалар күнге қыздырынып жатыр.*

**17-билет.**

1. Қазақстандық батырлар.
2. Үстеу.
3. Берілген сын есімдерден шырай түрлерін жаса: *сары, үлкен.*

**18- билет.**

1. Қорықтар неге керек?
2. Дауысты және дауыссыз дыбыстар.
3. Күз мезгілі ұнай ма? Өз пікіріңді жаз.

**19-билет.**

1. Қоршаған ортаны қорғау.
2. Сөйлем мүшелері.
3. Берілген сөзді септе: *жайлау.*

**20-билет.**

1. Менің күн тәртібім.
2. Сөйлем түрлері.
3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударып жаз:

*Зима. Декабрь, январь, февраль – зимние месяцы. Зимой дни становятся короткими, ночи длинными. Дни стоят холодные, морозные. Деревья и дома покрываются снегом. Дети катаются на коньках и лыжах.*

**Айнұр СҰРАУОВА,**
**№250 мектеп-лицейінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Қызылорда облысы,
Қармақшы ауданы.

# ӨНЕГЕЛІ ОЙҒА БАЙ МЕКТЕП АРУЫ

**Мақсаты:** оқушыларды сайысымыздың барысымен және мақсаттарымен таныстыру. **Көрнекілігі:** мадақтау қағаздар, слайдтар, накыл сөздер, сахна шармен безендіріледі.

**1-жүргізуші:**

**-** Армысыздар, оқушылар мен ұстаздар! Қыз сыны байқауына қош келдіңіздер! Мектеп аруын анықтау мақсатында «Қыз өссе – елдің көркі» атты байқауды өткізгелі отырмыз. Бұл байқау эстетикалық тәрбие беруді көздейді. Өйткені қыздарда жан сұлулығы мен тән сұлулығы бірдей болғандығы жарасады. Сондықтан ибалы, инаббатты қыздарымыз көбейе берсін деген ниетпен бастауға рұқсат етіңіздер. «Қыз өссе – елдің көркі» атты байқауымыздың шарттарымен таныстыра өтсек:

***1.*** «Тегін білу, тектілік». Өзін-өзі таныстыру.

***2.*** «Анасын көріп, қызын ал». Өз өнерлерін көрсету.

***3.*** «Мықты болсаң, тауып көр». Сұрақ-жауап.

***4.*** «Шебер қолдар» байқауында салат түрлерін жасау.



***5.*** «Қыздарға әсемдік жарасады». Сән киім үлгісін көрсету (үй жұмысы).

***6.*** «Мемлекеттік тіл – өркениеттің белгісі». Тіл туралы өлең оқу.

**2-жүргізуші:**

- Сайыста жеңісте бар, жеңіліс те бар,
Қуанып, шаттанып, күлу де бар.
Өнерін тамашалап отыр қауым,
Сайыста әділқазылар тағы да бар.

(Келесі кезекте әділқазылар алқасымен танысу).

1) ________________________________________
2) _______________________________________
3) ________________________________________

**1-жүргізуші:**

**-** Ал, енді, бүгінгі байқауға қатысатын аруларымызды қарсы алайық.

1. Ән салуға жалықпайды
шаршамайды, сірә бір.
__________ сан өнері бар,
сырын терең ұға біл.

1-талапкеріміз 6 «----» сынып оқушысы

________________________________________

**2- жүргізуші:**

2. Ұстазын анасындай құрметтеген
жаны мөлдір,ісі жоқ дүрмекпенен.
_________ қыз ұстазының айнасы ғой,
Сегіз қырлы, бір сырлы болсам деген.
2-талапкеріміз 6 «---» сынып оқушысы

________________________________________

**1-жүргізуші:**

3. Сыпайы оның мінезі,
Күліп жүрер ақырын,
қыз сынына кеп қапты
жүрек жұтқан___________ қыз.
3-талапкеріміз 6 «----» сынып оқушысы

___________________________________________

**2-жүргізуші:**
4. Алайық қарсы ____________
Үлгілі қыз бұл ибалы.
Мерекеге бүгінгі
Әкелген көкпар сыйлары.
4-талапкеріміз 6 «----» сынып оқушысы

_________________________________________

**1- жүргізуші:**
5. Еңбек сүйгіш, ерінгенге жаны қас,
Бір жұмысты екі істеп сабылмас.
Ашық қабақ, Бота көзді,сұлу қыз ___________
Ер жүрек қыз табылмас.
5-талапкеріміз 6 «----» сынып оқушысы

_______________________________

**2-жүргізуші:**
6. Өзі әдемі, сыпайы,
қазақ қызынан айнымайды.
қарсы алайық ___________
жайдарлы жүзді әдемі
6-талапкеріміз 6 «----» сынып оқушысы

________________________________________

**1-жүргізуші:**
- Кімдер жүйрік, өнерпаз, білейікші,
Аруы деп мектептің жүрейікші.
Әділқазыларға тек әділдікті,



Ал аруларға тек сәттілік тілейікші!

**2-жүргізуші:**
- Өнер қуып арулар өтер деймін,
Бір басына өнері жетер деймін.
Бәсекеге түскен алты ару кезектесіп,
Таныстырып өздерін өтер деймін.
Таныстырсын өздерін,
Тамылжытып сөздерін–келесі кезекті

«Тегін білу, тектілік» өзін-өзі таныстыру сайысымызға берсек.

(Аруларымыз кезек-кезек өздерін таныстырады).

Әділқазы бағаларын береді.

**1-жүргізуші:**
**-** Би билеп, ал біреуі ән салыпты.
Бүгінгі қыз сынында бәйге алуға

Арулар аянбай-ақ жан салыпты,- дей келе сайысымыздың келесі кезеңіне көшейік. «Анасын көріп, қызын ал». Өз өнерлерін көрсету.

(Аруларымыз кезек-кезек өздерінің өнерлерін көрсетеді).

Әділқазы бағаларын береді.

6-сынып оқушыларынан би шашу.

**2-жүргізуші:**
- Жекжат кім, жұрағат кім, жамағат кім?
Көңіліне тоқып бәрін жүрмей ме екен?!
Туысты қалай атау керектігін,

Кәнеки, біздің қыздар біле ме екен?, - дей келе, «Мықты болсаң, тауып көр» сұрақ – жауап сайысына да келіп қалдық.

(Қыздарымыз ортаға шығады, сұрақтар қойылады).

***1.*** Үш арсызды ата? (Ұйқы, күлкі, тамақ).

***2.*** Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі..... (білім біл).

***3.*** Жеті қазынаны ата?

***4.*** Тіліңмен жүгірме...... (біліміңмен жүгір).

***5.*** Жеті жұтты ата? (оба, зілзала, су тасқыны, ашаршылық, құрғақшылық, өрт, апат).

***6.*** Әпкеңнің қызы саған кім?

***7.*** Қыз өссе – елдің көркі....... (Гүл өссе – жердің көркі)

***8.*** Ер баланың үш жұртын ата? (өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты).

***9.*** Жеті атаны ата? (бала, әке, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат).

***10.*** Жігітке...... (жеті өнер де аз).

Әділқазылар бағаларын береді.

**1-жүргізуші:**

- Көрсетті өнер әр салада сайысып,
  Қимылдары бір жүргендей жай ұшып.
  Мерекелік ас мәзірін жасапты,
  Қыздарымыз дем арада майысып.

Бұл бөлімде қыздар өздерінің аспаздық өнерлерін көрсетеді.

Әділқазы бағаларын береді.

**2-жүргізуші:**

- Құлақтан кіріп, бойды алар,
  Жақсы ән мен тәтті күй.
  Көңілге түрлі ой салар,
  Әнді сүйсең, менше сүй!- деп ортада
  ___________________ орындауында

«Ән шашу».

**1-жүргізуші:** - Сымбатына сән киім жарасатын,
  Аспандағы айменен таласатын.
  Өнеріне сай келіп тұрған,

Аруларға қызығып қарасатын,- дей келе , кезекті сайысымыздың «Қыздарға әсемдік жарасады» сән киім үлгісін көрсету бөліміне берсек.

(Аруларды кезек-кезек ортаға шақырымыз, сән үлгісін көрсетеді және таныстырады).

Әділқазы бағаларын береді.

**2-жүргізуші:**

**-** Мен жаспын деп қысылма,
  Өнерің болса қолыңда.
  Өнерлінің ырысы,

Жарқырап тұрар бойында,– дей келе, соңғы бөліміміз – «Мемлекеттік тіл – өркениеттің белгісі» тақырыбында тіл туралы өлең оқу сайысына кезек берсек.

Әділқазы бағаларын береді.

**1-жүргізуші: -** Қорытынды бөлімі дайын болғанша ортада ________ әні орындалады.

**2-жүргізуші: -** Келесі кезекті әділқазыларымызға берсек.

Әділқазы алқасы ортаға шығып, өз пікірін білдіреді, аруларға жинаған ұпайларына сай атақтары мен мақтау қағаздарын береді.

**1-жүргізуші:**

- Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
  Жанары, жаны жаздай жайраңдаған.
  «Қыз өссе – елдің көркі» деген сөзді
  Қапысыз қалай айтқан қайран бабам?!

Құрметті қонақтар, келгендеріңізге көп-көп рахмет!

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –**
**Казахский язык и литература в русской школе”** –
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**
“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**
**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж Куәлігі** берілген.
Басуға 10.06.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.
Таралымы – 1120. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**
**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**
**Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.**
Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.........................268-32-48.
Факс................................243-15-53.
**Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru**
**Басылатын жері** – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№6, 2014 ж., 144 бет, Алматы.